Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№ 41 (1096)

21.10.2022

alatau_offset@mail.ru
alatau.aqparat
alatau_gazeti

БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНЫҢ *төлтаңбасы таныстырылды*

ӨҢІРЛІК КОММУНИКАЦИЯЛАР ҚЫЗМЕТІ АЛАҢЫНДА ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНЫҢ ЖАҢА ТӨЛТАҢБАСЫ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ. ЖУРНАЛИСТЕР ҮЙІНДЕ ӨТКЕН БАСҚОСУДА ЖЕТІСУ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ БАСШЫСЫ БОЛАТ КЕРІМБЕКОВ ТӨЛТАҢБА АВТОРЫ ЕСЕТ ЖЕҢІСҰЛЫН БАҚ ӨКІЛДЕРІНЕ ТАНЫСТЫРДЫ.

Басқосуда белгілі болғандай, Жетісу облысының төлтаңбасын жасау үшін шілде айында арнайы комиссия құрылып, конкурс жарияланыпты. Байқауға суретшілер, фотографтар, дизайнерлер, архитекторлар және қарапайым қала тұрғындары қатысып, жалпы 17 үміткерден 55 эскиз түскен. Қазан айындағы комиссиялардың алғашқы отырысында бірауыздан Қазақстан Республикасы Суретшілер одағының мүшесі Есет Дәуренбаев нұсқасы таңдалып алынған.

Баспасөз мәслихатында байқау жеңімпазы, ҚР Суретшілер одағының мүшесі Есет Жеңісұлы қатысушыларға эскиз жобасының аннотациясымен таныстырды.

«Ұсынған жобамда Жетісу облысының гербі шеңбер ішінде орналасқан. Мұнда мемлекеттік тудың көк және алтын түсіне негізделіп құрылды. Жобадағы негізгі нышандардың бірі – шаңырақ, Жетісу жерінің асқарлы, биік тауларын алдық. Сонымен қатар Талдықорған қаласының символына айналған «Жетісу монументі», Ұлы Жібек Жолының нышаны – керуен көші, жеті өзен, Балқаш, Алакөл көлдерінің айдынын көрсетіп, өңіріміздің ерекшелігін айқындауға тырыстық», – деп атап өтті ол.

Айта кетерлігі Жетісу облысының төлтаңбасын жасап шыққан суретші авторлық еңбегі үшін қаламақы алмаған. Оның сөзінше, туып-өскен жеріне деген махаббаты мен патриоттық сезімін білдіру мақсатында төлтаңбаны салып шыққан. Сонымен қатар автор алдағы уақытта өзге мекемелердің де бұл гербті қолдануына еш қарсылығы жоқ екенін айтты.

Жиын соңында БАҚ өкілдері рәміздің авторына көкейлерінде жүрген сауалдарын қойды. Журналистер қауымы төлтаңбаның эскизін сызу барысындағы өзгертулер жайында ақпараттар алды. Сонымен қатар Жетісу облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Болат Бақбергенұлы болашақта авторлық құқықты міндетті түрде заңдастыратындарын да тілге тиек етті.

Айдана СМАҒҰЛ

НЕГЕ?



ЖОЛ АПАТЫ КӨБЕЙДІ

Жоғары жылдамдықпен жүруді әдетке айналдырған жауапсыз жүргізушілердің кесірінен елімізде қара жол бойындағы қасіретті жағдайлар азаймай тұр. Көлік апатының жиілеуінен қанша жас қыршыннан қиылып, әке баладан, ана жарынан айырылуда. Статистикалық деректерге қарасаңыз, тіптен адам шошиды. Азаттық рухы сайты берген мәлімет бойынша биыл елімізде қаңтар-шілде айларында 7,9 мың жол-көлік оқиғасы тіркелген. Бұл бір жыл бұрынғы көрсеткішпен салыстырғанда 9,5%-ға көп. Ал Жетісу облысында жыл басынан бері 400-ден астам жол апатынан 111 адам көз жұмып, 700-ге жуығы түрлі дене жарақатын алған. Осындай жантүршігерлік оқиғалар жайлы екі күннің бірінде естітін болдық. Тіптен құлағымыз үйреніспі, мән бермейтін дәрежеге жеттік.

ІІМ-нің статистикалық мәліметіне сүйенсек, көлік жүргізу өтілі 1 жылдан төмен жүргізушілерге жол-көлік оқиғаларының тек 1,8 пайызы тиесілі екен. Яғни, жол апатына көбіне тәжірибелі жүргізушілер жылдамдықты шамадан тыс арттырып, тыйым салынған аймақтарда алдында келетін көлікті басып озуға тырысамын деп ұшырап жатады. Биыл осындай қауіптің алдын алуда Талдықорған қаласында «Сергек» камералары орнатылды. Дей тұрғанмен де жол апаты әлі азайған жоқ. Бағдаршамның қызыл түсі жанғанда тоқтаудың орнына барынша жылдамдық қосып, үлгеремін деп өтіп кететіндерге не дейміз? Талдықорған қаласындағы осындай оқиға жайлы шілде айында «stan.kz» әлеуметтік порталы жазған болатын. Жансүгіров пен Рустембеков көшелерінің қиылысында орын алған жол апатында «Priora мен Toyota» көліктері соқтығысып, екі адам түрлі дене жарақаттарымен ауруханаға жеткізілген. Қала ішінде жылдамдықты арттырып, қауіпті тәуекелдерге саналы түрде бару арқылы жүргізушілер өздерінің ғана емес, өзгелердің де өміріне үлкен қатер төндіреді. Талай жанның тағдырын жалмаған өзекті мәселеге Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың өзі үн қатып, өрескел заң бұзушыларды қатаң жазалауды тапсырған болатын. Жоғарыда айтып өткен статистикалық мәліметтерге сүйенсек, жүргізушілердің көпшілігі бұл заңды құлаққа да ілмейді. Неге?

А. МОЛДАЛІМ.

БАСПАСӨЗ - 2023

«АЛАТАУ» қоғамдық-саяси газетіне жазылу басталды

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

редакция арқылы
1 жылға – 3640 теңге.
облыстық маңызы бар қалалар үшін "Қазпошта" арқылы
1 жылға – 4477,20 теңге.
ауыл тұрғындары үшін
на год – 4700,80 теңге.

Началась подписка на общественно-политическую газету «АЛАТАУ»

ЦЕНА ПОДПИСКИ:

с редакции
на год – 3640 тенге.
для города областного значения через "Казпочту"
на год – 4477,20 тенге.
для сельского населения
на год – 4700,80 тенге.

Индексі: 15534

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МЕКТЕБІНДЕ НЕ ЖАҢАЛЫҚ?

ДҮНИЕГЕ ҚАЗАҚ ПЕРЗЕНТІ БОЛЫП ТУЫП, АДАМЗАТ ПЕРЗЕНТІ БОЛЫП АТТАНҒАН МҰХТАР ӘУЕЗОВ ТАҒДЫРЫ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ ТҰНЫП ТҰРҒАН ТАҒЫЛЫМ МЕКТЕБІ. ЗАМАНМЕН БІРГЕ ТЕБІРЕНІП, МӘҢГІЛІКПЕН ҮНДЕСЕ БІЛУДІҢ АЙҚЫН ӨНЕГЕСІ БОЛҒАН ЗАҢҒАР ЖАЗУШЫ МҰХТАР ӘУЕЗОВТЫҢ 125 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ ҚОҒАМДА ТҮРЛІ МӘДЕНИ-ТАНЫМДЫҚ ІС-ШАРАЛАР ӨТУДЕ.

«ӘУЕЗОВ ӘЛЕМІ» АТТЫ МӘДЕНИ-ТАНЫМДЫҚ ШАРА

Сондай шаралардың бірі қаламыздағы К.Ушинский атындағы №7 орта мектеп кітапханашыларының ұйымдастыруымен өтті. Кешке 9-10 сынып оқушылары қатысып, жазушының өмір жолы мен жазушылық қызметі, шығармашылығынан жан-жақты мағлұмат берді. Сондай-ақ өздері оқыған, балалар әдебиетінде ерекше орны бар «Көксерек» шығармасын талдап, көркемдік құрылымы, тағлымды мазмұны мен кейіпкерлер іс-әрекеттеріне сыни тұрғыда көзқарастарын білдірді. Екі топқа бөлінген оқушылар өзара сұрақ-жауапқа түсіп, білімдерін ортаға салды. Нәтижесінде, жақсы мен жаманның, қаталдық пен сезімталдықтың аражігін ажыратудың жолын таба білумен қатар, ауыр тағдыр, өмірлік қиындықтар жайлы өз пікірлерін айтып, білім көкжиектерін кеңейтуге бағыт алды.

Осындай әдемі кеш ұйымдастырған кітапханашылар Әсия Ботаева мен Мариям Ерғалиеваларға айтар алғысымыз шексіз.

Әуезов – қазақ болмысы мен мінезінің ғажайып айнасы, қазақ өмірінің кең тынысты көркем әдебиет пен көркем өнердегі келісті кескіні, шынайы шындығы, кемеңгерлік кестесі. Ұрпағымызға ұлы тұлғалар жайлы айтудан, білгенімізбен бөлісуден жалықпайық.

Баян ЖАНАБАЕВА,
К.Ушинский атындағы №7 орта мектептің
қазақ тілі пәнінің мұғалімі.

С. МҰРАТБЕКОВ АТЫНДАҒЫ № 9 ОРТА МЕКТЕПТЕ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ КЛАССИГІ ЖЕТІСУЛЫҚ ЖЕРЛЕСІМІЗ, ЖАҚЫНДА ҒАНА ОСЫ БІЛІМ ОШАҒЫНЫҢ АТАУЫН АЛҒАН АТАҚТЫ ЖАЗУШЫ САЙЫН МҰРАТБЕКОВТЫҢ ТУҒАН КҮНІНЕ ОРАЙ АЛҒАШ РЕТ «САЙЫН АҒА – ҚАЗАҚ ӘҢГІМЕСІНІҢ ХАС ШЕБЕРІ» АТТЫ ОН КҮНДІК ШАРАНЫҢ АШЫЛУЫ ӨТТІ.

ЖУСАН ИІСІ АҢҚЫҒАН КҮН

Салтанатты кештің шымылдығын ашқан мектеп директоры Ләйлә Сембаева жүрекжарды лебізімен бөлісті.

«Биылғы жылы қазақ әдебиетінде өшпес із қалдырған қаламгерді еске алу және оның шығармашылығын насихаттау жүріп жатыр. Сондай-ақ осы шараны дәстүрге айналдыру, жазушының шығармашылығына, өміріне, ішкі әлеміне терең бойлау, оқушыларға Сайын аталарын терең таныту мақсатында көзі тірісінде қаламгердің тұтынған дүниелерін жинастырып, шағын тұлғасы сомдалған ескерткіш жасатып, музей ашсақ деген жоспарымыз бар», – деді Ләйлә Айтжанқызы.

Шараға арнайы шақырылған қонақтардың арасында Сайын ағаның туған қарындасы, әдеби мұраларын жинақтаушы Майра Сапарғалиқызы мен Талдықорған қаласының құрметті азаматы, жазушының жерлесі, қарындасы Раушан Жәнібекқызы ағалары жайлы жылы естеліктерін айтса, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын Жангелді Немеребай мен журналист Қалқаман Абдырахманұлы өз ойларын ортаға салды.

Кеш барысында 6 «а» сынып оқушылары «Жусан исі» романынан шағын (қойылым) көрініс қойып, көрерменнің көңілін толқытты. Қазақ тілі, әдебиеті бірлестігінің атынан дайындаған 8-10 сынып аралығындағы дарынды оқушылар жазушыға арнаған өз өлеңдерін оқып, жетісулық сазгер М.Керейбаевтың «Сайын аға» әнімен кешті қорытындылады.

Әсел НҮКЕРБАЕВА,
С. Мұратбеков атындағы мектеп директорының
тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.
ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫ

МЕРЕКЕ ҚАРСАҢЫНДА

100-ГЕ ТАРТА ІС-ШАРА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛАДЫ

25 қазан – Республика күніне орай Жетісу облысында 100-ге тарта іс-шара ұйымдастырылуда. Бұл туралы БАҚ өкілдерімен кездесуінде Жетісу облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы айтты.

Басқосуда қоғамдық даму басқармасының басшысы Болат Керімбек қолға алынған шаралар жоспары негізінде облыстың бірқатар аудан, қалаларында әлеуеттік нысандар мен пәтер кілттерін табыстау жоспарланып жатқанын тілге тиек етті. Атап айтсақ, Үштөбе қаласында 30 пәтерлі тұрғын үйдің кілті, сондай-ақ, бірқатар ауданда ауылдық фельдшерлік медициналық пункттер ашылады деп күтілуде. Мұнымен қатар Қарабөгет ауылында Саябақтың ашылуы, Сарқан қаласында Халыққа қызмет көрсету орталығында халықтың цифрлық офисі, Ақын Сара атындағы орта мектептің стадионы мен демалыс аллеясы салтанатты түрде пайдалануға беріледі.

Мереке қарсаңында облыста «Қыран елім – Қазақстаным!» патриоттық акциясы аясында мерекелік концерттер, мемлекеттік әнұранды жаппай орындау, бейнеқұттықтаулар, отансүйгіштік шығармаларды мәнерлеп оқу сынды мәдени-бұқаралық іс-шаралар ұйымдастырылады. Сондай-ақ волонтерлік, қайырымдылық және ерікті ұйымдар желісі бойынша «Жанашыр жүрек» қайырымдылық акцияларын өткізу де көзделген.

– Республика күні – ел көлемінде аталып өтетін маңызды шара. 22-ші қазан күні облыстың зиялы қауым өкілдері мен тұрғындарының қатысуымен, мемлекеттік наградалар табысталады. Жетісу облысына еңбегі сіңген азаматтардың жылдар бойы атқарған жұмыстарының нәтижесі ретінде осындай салтанатты шара өтеді, – деді Б. Керімбек.

Облыс деңгейінде спорттық шаралар да ұйымдастырылуда. Мысалы 18-25 қазан аралығында облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының ұйымдастыруымен баскетболдан жасөспірім қыздар мен ұлдар арасында Қазақстан Республикасының чемпионаты, спорт мекемелер арасында «Әкем, анам және мен – біз спорттық отбасы» атты отбасылық облыстық жарыстар да өткізілмек.

А. НҰРЖАПАР.

ҚАЗЫНА

АСЫЛ МҰРА

СОҢҒЫ ЖЫЛДАРЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ ТУРАЛЫ АЙТУДА ДА, ЖАЗУДА ДА КЕМШІН ЖОҚ. МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛІМІЗДІҢ МӘРТЕБЕСІН ӨСІРІП, МЕРЕЙІН ТАСЫТУ ЖОЛЫНДА ЕГЕМЕН ЕЛІМІЗДЕ АУҚЫМДЫ ІСТЕР АТҚАРЫЛЫП ЖАТЫР. БҰҒАН КӨП ҰЛТТЫҢ ӨКІЛДЕРІ МЕКЕНДЕЙТІН – ДОСТЫҚ ЗЕРТХАНАСЫ АТАНҒАН ҚАЗАҚ ЕЛІНДЕ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ ҚАЗАҚ ТІЛІ БОЛЫП ТАБЫЛАТЫНЫ ДА АЙҚЫН ДӘЛЕЛ.

Әркімнің парызы мен міндеті, әрбір адам дербес шешуге тиіс, деген сөйлемнің өзі біздің әрқайсымызға өзіндік міндет жүктеп отырғаны айдан анық. Көп болып қолға алғанда ғана біздің мемлекеттік тілдің мәртебесі артып, қолданыс аясы кеңейе түсері даусыз. Сондықтан баланы отбасынан бастап, ана тілінде сөйлеуге дағдыландырып, тілдің қадірін бойына дарыта білсек нұр үстіне нұр болар еді. Ана сүтімен бойына біткен туған тілін меңгеріп алу балаға ешбір қиындық туғызбайтынын да естен шығармаған абзал. Ал, есейе келе ол өзге тілдерді де еркін меңгеріп кетері ғажап емес. «Теңіз тамшыдан құралады» дегендей әр отбасы ортақ іске осылайша тамшыдай үлес қосатын болса онда тіліміздің көсегесі көгеріп, қолданыс аясы да кеңейіп, қажеттілігі де арта түсері аян.

Алысқа бармай ақ сот жүйесіндегі күнделікті кездесіп жүрген көріністерімізден, мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту қолбайлау болып жатқан жайттарды айқын аңғарамыз. Тіптен, процеске қатысушы тараптардың бәрі кілең қазақ ағайындарымыз бола тұра, істің орыс тілінде аудармашының қатысумен өтіп жатқанын көргенде қарның ашады. Сонда талап арыз берушінің жалдаған қорғаушысы мемлекеттік тілде жазуға шорқақ болғандықтан арызды орыс тілінде жолдап, сондықтан заң талабы бойынша іс орыс тілінде қаралып жатады. Сондықтан ұлтымыздың асыл мұрасы және мәдениетінің өзегі болып та танылатын мемлекеттік тіліміздің мәртебесін арттыруды көп болып қолға алғанымызда ғана нәтижелі іске қол жеткізуге болады. Қысқасы, «Құрғақ қасық ауыз жыртады» дегендей, сөзден іске көшетін мезгіл жетті.

Санжар ОМАРОВ,
Талдықорған қалалық сотының
бас маманы - сот отырысының хатшысы.

РЕСПУБЛИКА КҮНІ

1990 жылы 25 қазан күні ҚазКСР Жоғары Кеңесінің Қаулысымен Қазақ КСР мемлекеттік егемендігі туралы декларация қабылданған. Бұл декларацияның қабылдануымен Қазақстанның егемендігін мәлім ететін жеке территориясы, азаматтығы, мемлекеттік бюджеті, халықаралық қатынастардағы дербестігі, мемлекеттік рәміздері бекітілген. Қазақстанның егемендігі және территориясының тұтастығы саяси, құқықтық және экономикалық тұрғыдан дәйектелген.

ҚАЙТА ОРАЛҒАН МЕРЕКЕ

Осыдан бес жыл өткеннен кейін 18 қазанда ҚР Президенті Жарлығымен 25 қазан – Қазақстан Республикасының Ұлттық мерекесі – Республика күні, деп жарияланып, тойланып келді. Ал, 2009 жылдың 22 сәуірінен бастап аталып өтпейтін болған Республика күнінің мәртебесін 13 жылдан кейін, яғни, 2022 жылдың 29 қыркүйегінде ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Республика күні» мерекесіне Ұлттық мереке мәртебесін қайтарды. Демек, қайта оралған Республика күні – енді еліміздің басты және жалғыз ұлттық мерекесі болып табылады. Бүгінгі таңда еліміздің шаңырағы биіктеп, өсіп-өркендеп, мерейлі мемлекетке айналды. «Қазақстан – 2050» стратегиясын қабылдап, озық дамыған отыз елдің қатарына қосылу межеленді. Осы жылдарда мемлекетіміздің тұғыры нығайып, экономикалық әлеуеті арта түсті. Құрлықтағы барлық шекарамыз айқындалып, заң жүзінде бекітілді. Елімізге шетелден қомақты инвестициялар тартылуда. Есілдің жағасында бой көтерген еңселі елордамыз ұлттық идеямызға айналды деуге болады. Тұрғын-үй құрылысы да бұрын-соңды болмаған қарқынмен дамыды. Халықтың әл ауқатын арттыру мақсатында республикамызда ауқымды істер атқарылуда. Тұрғындардың тұрмысын жақсарту жолында көптеген пәрменді шаралар жүзеге асырылып жатыр. Бұған Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевтың мына бір тұжырым жарқын дәлел болса керек.

«Біз әділетті қоғам мен тиімді мемлекет құруды көздеп отырмыз. Кез-келген істе әділдік қағидатын басшылыққа алсақ, бұған анық қол жеткіземіз. Мысалы, тұрғындардың тұрмысын жақсарта түспесек, еліміздің жетістіктері мен халықаралық табыстарын мақтан ету артық. Азаматтарымыз экономикалық өсімнің игілігін сезіне алмаса, одан еш қайыр жоқ. Мен әрбір шешімді қабылдар сәтте осы ұстанымды басшылыққа аламын. Біз халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартумен қатар, барлық азаматтардың мүддесін бір-дей қорғаймыз. Менің ұғымымдағы әділетті мемлекет дегеніміз осы», – деп атап көрсетті Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында.

Міне, мемлекет тарапынан атқарылып жатқан осындай қамқорлық пен игілікті істер көп ұлттың басын біріктіріп, тату-тәтті ұйыстырып отырған еліміздің ертеңі жарқын, келешегі кемел болатынына сенім ұялатады.

Әсем КАРИМОВА,
Жетісу облысының
мамандандырылған
ауданаралық әкімшілік
сотының кеңсе меңгерушісі.

ШАРА

ҚАРТТАРЫМ – АСЫЛ ҚАЗЫНАМ

Самал шағын ауданындағы аймақтық Ардагерлер үйінің ұйымдастыруымен Талдықорғандағы №12 орта мектепте «Қарттарым – асыл қазынам» атты мерекелік шара өтті.

Мерекелік басқосуда Ардагерлер үйінің төрайымы Қаламқас Тұрғылова қарияларды мейраммен құттықтап, жылы лебізін білдірді.

«Баршаңызды осы айтулы мерекемен құттықтаймын. Біздің жасымызда айтылар тілектің ең біріншісі – зор денсаулық, екінші бала-шағаның амандығы. Жылына бір рет келетін мерекеде сіздердің бастарыңызды қосып, бір-бірімізбен көрісіп, бір серігіп қалсын деп шараны ұйымдастырып отырған жайымыз бар», – деген Қ.Тұрғылова шараға келген қарттарға арнаған сыйсияпатын берді.

Шара барысында мектеп оқушыларының мерекелік концерті де ұйымдастырылды. Қошеметке бөленген қарттар өз ризашылықтарын білдірді, естелікке суретке де түсті.

А.БЕЙСЕНҒАЛИҚЫЗЫ.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ПРЕЗИДЕНТ РК

ПРИНЯЛ ПРЕДСЕДАТЕЛЯ КОМИССИИ ПО ПРАВАМ ЧЕЛОВЕКА

КАК ПЕРЕДАЕТ NUR.KZ, ГЛАВА ГОСУДАРСТВА ПРИНЯЛ ПРЕДСЕДАТЕЛЯ КОМИССИИ ПО ПРАВАМ ЧЕЛОВЕКА ПРИ ПРЕЗИДЕНТЕ И ГОРЯ РОГОВА, СООБЩАЕТСЯ В ОФИЦИАЛЬНОМ TELEGRAM-КАНАЛЕ ПРЕСС-СЛУЖБЫ ПРЕЗИДЕНТА.

Касым-Жомарт Токаев заслушал отчет о работе Комиссии по правам человека при президенте.

Игорь Рогов рассказал о том, что на заседаниях Комиссии была рассмотрена деятельность уполномоченных государственных органов в сфере защиты прав человека, также был обсужден вопрос предотвращения пыток в деятельности правоохранительных и специальных органов.

Президент подчеркнул, что защита прав человека – это важнейшая составляющая часть государственной политики, человеческая жизнь, согласно Конституции Казахстана, является высшей ценностью.

Глава государства был проинформирован о работе Венецианской комиссии Совета Европы, членом которой от Казахстана и президентом ее подкомиссии по институту омбудсмена является Игорь Рогов. По словам президента, в процессе разработки недавних конституционных поправок были учтены рекомендации Венецианской комиссии, касающиеся повышения статуса омбудсмена. Это усиливает контроль за сферой соблюдения прав человека и мобилизует государство более оперативно реагировать на запросы населения.

Как сообщил Игорь Рогов, Венецианская комиссия положительно оценивает проводимые в нашей стране правовые и политические реформы.

В октябре Венецианская комиссия, мажилис парламента и министерство юстиции планируют провести обсуждение проекта Конституционного закона «Об Уполномоченном по правам человека в Республике Казахстан».

ЗДОРОВЬЕ

ПОЛУЧАТ ВОЗМОЖНОСТЬ ОТКАЗАТЬСЯ ОТ ЛЕЧЕНИЯ ПАЦИЕНТА

КАЗАХСТАНСКИЕ ВРАЧИ ПОЛУЧАТ ВОЗМОЖНОСТЬ ОТКАЗАТЬСЯ ОТ ЛЕЧЕНИЯ ПАЦИЕНТА. МИНИСТЕРСТВО ЗДРАВООХРАНЕНИЯ РАЗРАБОТАЛО КОНЦЕПЦИЮ ПРОЕКТА ЗАКОНА «О ВНЕСЕНИИ ИЗМЕНЕНИЙ И ДОПОЛНЕНИЙ В НЕКОТОРЫЕ ЗАКОНОДАТЕЛЬНЫЕ АКТЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ПО ВОПРОСАМ ЗДРАВООХРАНЕНИЯ», СООБЩАЕТ ZAKON.KZ.

В частности, предлагается предусмотреть возможность создания правового механизма по юридической защите врачей, при которых тот сможет отказаться от лечения пациента.

Так, лечащий врач по согласованию с руководителем медицинской организации может отказаться от наблюдения за пациентом, и его лечения при единомоментном соблюдении 3 условий:

– отказ от ведения пациента не угрожает его жизни;

– отказ от ведения не угрожает здоровью окружающих;

– отказ от ведения согласован с должностным лицом медорганизации.

Как поясняется, такая мера связана с участившимися случаями нападения на медицинских работников. Так, приводятся данные, что за период ЧП, произошедших январских событиях были нападения на 20 объектов здравоохранения. Из них – пять стационаров, один объект ПМСП, 14 аптек, которые находились в Алматы. Пострадали за этот период семь медработников, из них пять – в Алматы, по одному – в Шымкенте и Алматинской области.

Кроме того, приводятся факты нападения на медицинских работников службы скорой медицинской помощи при осуществлении должностных полномочий.

В связи с чем предлагается разработать механизм регулирования правоотношений врача и пациента, к примеру, отказ врача от ведения пациента в связи с возникновением опасности, угрожающей жизни или здоровью медицинского работника, конфликтом интересов.

Также говорится о необходимости принятия мер по дестигматизации пациентов с психическими и поведенческими расстройствами.

«В основном пациенты психиатрического (наркологического) профиля не представляют социальную опасность, 98−99%. Вместе с тем обществом все пациенты психиатрического профиля воспринимаются социально опасными, в связи с чем возникает необходимость четкого определения лица, представляющего социальную опасность, в целях предотвращения нарушения прав других психических больных. В этой связи предлагается внесение нового понятия как социальная опасность лица с психическим поведенческим расстройством, в том числе связанным с употреблением психоактивных веществ», – говорится в концепции.

Законопроектом также предусматривается совершенствование и развитие органного донорства, то есть прижизненного волеизъявление самого гражданина (потенциального донора) на посмертное донорство.

Так, на 10 сентября 2022 года в листе ожидания находится 3 562 пациента, нуждающихся в трансплантации органов, в том числе 77 детей (3 208 пациентов нуждаются в пересадке почки, 179 – печени, 153 – сердца, 16 – легких и 6 – легочно-сердечного комплекса).

«В здравоохранения развиты современные медицинские инновационные технологии в области трансплантации, имеются подготовленные специалисты. Однако из-за дефицита донорских органов пациенты годами ожидают очереди на трансплантацию или умирают не дождавшись ее. Предлагаемая поправка будет способствовать увеличению донорского пула и получения доступа граждан РК к трансплантации органов или тканей, сведет к минимуму риск купли-продажи органов», – поясняют в Минздраве.

Как отмечается, мировая практика показывает, что для увеличения пула донорских органов в качестве прижизненного донора могут выступить супруги, при наличии тканевой совместимости с реципиентом.

ВСТРЕЧА

В АЛМАТЫ СОСТОЯЛАСЬ ВСТРЕЧА АЛМАТИНСКОЙ ПАЛАТЫ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ «АТАМЕКЕН» И СОЮЗА «ТОРГОВО-ПРОМЫШЛЕННАЯ ПАЛАТА РЕСПУБЛИКИ ТАТАРСТАН», – СООБЩАЕТ ПРЕСС-СЛУЖБА РЕГИОНАЛЬНОЙ ПАЛАТЫ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ ГОРОДА АЛМАТЫ.

УКРЕПЛЯЮТСЯ ДЕЛОВЫЕ СВЯЗИ С ТАТАРСТАНОМ

Модератор встречи, директор Палаты предпринимателей города Алматы Айтуар Кошмамбетов отметил тесные дипломатические и экономические связи двух стран.

«Соглашение между правительством Татарстана и правительством Казахстана о принципах торгово-экономического, научно-технического и культурного сотрудничества было подписано 25 августа 1997 года. За время дипломатических отношений между нашими странами сотрудничество укрепилось и достигло уровня стратегического партнерства», – сказал Айтуар Кошмамбетов.

По словам спикера, Казахстан является одним из ведущих зарубежных партнеров Татарстана в отношении развития и реализации проектов в нефтегазовом, машиностроительном секторах экономики.

«Двусторонний товарооборот по итогам 2021 года составил 423,3 млн долларов. В ближайшие годы стороны намерены довести данный показатель до 1 млрд долларов. Приведенные цифры говорят об имеющихся больших перспективах для двустороннего сотрудничества. Я уверен, что встреча наших предпринимателей даст большой импульс развитию торгово-экономического сотрудничества во всех сферах», – добавил Айтуар Кошмамбетов.

Директор палаты рассказал о деятельности НПП «Атамекен», о бесплатных услугах центров обслуживания предпринимателей и пути сотрудничества.

В ходе встречи представитель акимата Алматы Александр Воробкало напомнил, что в рамках визита делегации, Казахстан для граждан РФ вводит безвизовый режим на 90 дней.

«Это поможет открыть новые возможности не только для бизнеса кругов Татарстана, но и для туристов. Визит в Алматы послужит не только импульсом развитию торгово-экономического сотрудничества, но и станет великим поворотом в наших взаимоотношениях», – подчеркнул Александр Воробкало.

Заместитель председателя Союза «Торгово-промышленная палата Республики Татарстан» Марат Ахматов отметил крепкие дружеские отношения между двух стран.

«Сегодня Татарстан находится ТОП-5 рейтинге социально-экономического положения регионов России. Казань занимает 4-место в рейтинге устойчивого развития городов России. Мы хотим расширить деловые связи с Казахстаном. Мы намерены развивать партнерство во всех возможных отраслях. Сегодня возникает прекрасная возможность для экспорта и импорта промышленной продукции, энергоресурсов, стройматериалов и других товаров», – отметил Марат Ахматов.

Далее бизнесмены Татарстана презентовали свои компании. После официальной части бизнесмены двух стран провели B2B переговоры. Многие предприниматели Татарстана уже сотрудничают с предприятиями северных регионов страны. Нынешний визит нацелен на налаживание сотрудничества с алматинским бизнесменами.

Татарстанскую делегацию представляли такие компании как: производитель оборудования в нефтегазодобывающей промышленности ООО «ИПЦ», технопарк электронного приборостроения «Авиатор», изделия из керамики «Ак Барс Керамик», логистическая компания «ТехнотрансНК», производство энергосберегающих приборов ОО НПП «РУ-Инжиниринг», Выставочный центр ОАО «Казанская ярмарка», Продажи металлорежущего инструмента, станков и оборудования ООО «Тиамат», компания по подбору персонала ООО «ПАРТНЕР», строительство школ и газозаправок ООО «СтройХолдинг», производство холодильных агрегатов ООО «ЭРЛ СИСТЕМ», Индивидуальный предприниматель в сфере ресторанного бизнеса Айрат Гарипов, Индивидуальный предприниматель в сфере торговли напитками Ильшат Шарифуллин, сеть ресторанов ООО «ТЮБЕТЕЙ УК», ООО «Производственно-Инжиниринговая компания «СБТ», ТОО «Торговая компания КАМАЗ».

Ш. ХАМИТОВ.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ НАЗАРЫНА!

ЕЛ ҚАТАРЛЫ ӨМІР СҮРГІМІЗ КЕЛЕДІ

немесе ұмыт қалған Ақтөбе ауылы

АҚТӨБЕ АУЫЛЫ – 1997 ЖЫЛДАН БЕРІ АҚСУ АУДАНЫНА ҚОСЫЛҒАН. ШАҒЫН ҒАНА АУЫЛ ОҢТАЙЛАНДЫРУ ЖЫЛДАРЫНДА ЖАБЫЛЫП ҚАЛҒАН ҚАПАЛ АУДАНЫНЫҢ ЕҢ ШЕТКІ НҮКТЕСІ САНАЛАТЫН ҚЫТАЙМЕН ШЕКТЕСЕТІН АУМАҚТА ЖАТЫР. ЕЛДІ МЕКЕН ТҰРҒЫНДАРЫ ЕГЕР АУЫЛДЫҢ ШАМЫ СӨНСЕ, ШЕКАРАНЫҢ БҰЛ ШЕБІ БОС ҚАЛАДЫ ДЕГЕН ҚАУІПТЕ.

АУДАН орталығынан шалғай жатқан Ақтөбе ауылының ұмыт қалған елді мекеннің қатарына кіріккелі біраз жылдың жүзі болған. Тозығы жетіп, жойылуға шақ тұрған ауылдың жайы осы жылдарға дейін жабулы қазан күйінде қалып келген. Енді, міне, араға елу жыл салып кетеуі кеткен елді мекеннің тынысы туралы сол ауылдың тумасы Жұмағали Тұрсынұлы жар салып, жұрттың жанайқайын жеткізіп отыр. Ақтөбелік тұрғындар үніне құлақ түрілсе, әрі туған жеріне деген азаматтық парызын орындау жолында ағамыз атқа қонған.

Шамы сөнгелі тұрған шалғай ауылдың жайын жоғарыға жеткізуде БАҚ беттеріне мақала жазылып, теледидардан көрсетілсе деген оймен Жұмағали ақсақал республикалық, облыстық басылымдардың тілшілеріне хабарласқан. Осылайша жылдарға ұласып, шешімін таппаған түйткілді мәселелер журналистер жазған мақаламен тарқатылып, содан кейін ғана ауылдағы электр желісі мен тозығы жетіп, құлағалы тұрған ағаш бағандардың, ауыз судың шаруасы шешімін тауыпты. Бұл тұрғыда Жұмағали ағамыз: «Журналистердің тілімен қоғамды емдеуге де, өлтіруге де болатынын» айтып, ендігіде ауылдағы жол мен көпір мәселесін реттеудегі істі Жетісу облысының әкіміне құлағдар етсек дейді...

СУЫҚСАЙ ауылдық дәрігерлік амбулаториясының жедел жәрдем көлігіне отырған біз Ақтөбе ауылына арлы берлі теңселе, шоқалақтап әзер жеттік. Расында да жолдың машақатын сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Елді мекенге жету үшін жол талғамайтын көлік қажеттігіне көз жеткіздік.

Шағын ғана елді мекенде жиырма шақты үй бар. Мұндағы тұрғындардың негізгі күнкөріс көзі – мал шаруашылығы. Ал, табиғатымен көз тартар ауылға көрік беріп тұрған жалғыз үй – бес бала оқитын шағын мектеп. Біз барған күні ақтөбеліктерді медициналық тексеруден өткізу үшін ауданнан арнайы дәрігерлер де келіп, аядай болған білім ошағында қабылдау жүргізді.

Шырайы қашқан ауылда әупірімдеп өмір сүріп жатқан жандардың сөзінше осы күнге дейін ұмыт қалған ауылдың жырын жырлаған Жұмағали ақсақалдың арқасында біраз мәселенің түйіні тарқатылғанымен, шешімін таппай келетін шаруа да шаш етектен көрінеді.

Раиса ӘБСЕМЕТОВА, ауыл тұрғыны: – *Ақтөбе ауылында тұрып жатқаныма*

52 жыл болды. Өзім Кегеннің қызымын. Он жеті жасымда келін болып түстім, содан бері қарай осындамын. Тоқырау жылы басталғанша ауыл дүркіреп тұрды. Қазіргі сиқына қарап көңілім құлазиды. Жастайымнан келіп, өсіп-өнген жерім ғой. Өзім бес баланың анасымын. Қазір қолымда бір ұлым бар. Төртеуі қалада тұрады. Олар қалаға келсеңші деп шақырады, бірақ барғым келмейді. Себебі бұл жерде атам, енем, күйеуім жатыр. Оларды тастап, қайда барамын. Осы уақытқа дейін ауылымыз елеусіз қалып еді. Былтырдан бері Жұмағали Тұрсынұлы араласқалы біраз шаруаның басы шешіліп келеді. Әйтпесе басқа бір әлемде өмір сүріп жатқандай едік. Ұзындығы 26 шақырым болатын желінің сымы жиі-жиі үзіліп, атам заманда қойылған ағаш бағандар шіріп, құлаудың аз-ақ алдында тұрған болатын. Біз жарық қай күні сөнеді деп емес, басымызға баған құлап, үзілген сымнан тоқ ұра ма деп қауіптенетінбіз. Ендігіде бұл мәселе шешімін тапты. Сонымен қатар ауызсу мәселесі де жолға қойылды.

Бізді мазалаған негізгі проблема жол мен көпірдің жайы. Бұған дейін де айтқандай, қысы-жазы жол қатынасы өте қиын.

Сондай-ақ кеңестік кезеңде салынған ағаш көпірдің жайына да алаңдаумен келеміз. Өткелдің бөренелері шіри бастағалы қашан. Бірде-бір рет жөнделмеді. Жүруге жарамсыз болып бара жатқанда ауыл тұрғындары өз күштерімен жөндеген болады. Ауыр салмақ түссе опырылып кеткелі тұр. Сондықтан бәрі қорқады. Камаздар ауылға өте алмай, көмірді жақын маңдағы жотаға төгіп кетеді. Сосын оны қаппен ауылға тасимыз. Көрген күніміз осы. Негізінде мамандар бұл көпірді мүлдем сүріп тастап, жаңадан темірбетон материалдармен қайта салу керегін айтыпты. Бірақ оған көңіл бөлінбей келеді ғой. Бар тілегіміз сол – жолымызды, көпірімізді жөндеп берсе екен. Біздің де ел қатарлы өмір сүргіміз келеді.

АУЫЛДЫҢ қай тұрғынын сөзге тартсақ та жол мен көпірдің мәселесі шешімін тапса екен дейді.

Осы елді мекеннің тынысы мен тіршілігінен хабардар жандардың бірі «Ақсу өңірі» газетінің тілшісі Ербол СЫМАХАНОВ та жанашыр азамат Жұмағали Тұрсынұлының қузауымен ұмыт қалған Ақтөбе ауылында кейінгі кездері біраз шаруаның басы қайырылғанын айтады.

«*Бұған дейін жергілікті тұрғындардың бас ауруына айналған тозығы жеткен электр желілері, бағандардың құлағалы тұрғандығы, ауызсу мәселесіне қатысты шаруалар бүгінде ретке келтірілді. Бұл деген үлкен жұмыс қой. Қазір сең қозғалды. Шешімі жоқ дүние болмайды емес пе?! Енді жол мен көпірдің мәселесі жолға қойылса... өздеріңіз сықырлап тұрған көпір үстінен қойлардың өтпей қашып жатқанын көзбен көрдіңіздер. Егер бір қой суға құлайтын болса, басқалары артынан секіріп кетеді.*

Адам ғана емес, мал қорыққан көпірдің мәселесі алдағы уақытта шешімін табар деп сенемін. Аудан әкімі аппаратының жиынында Ақтөбе ауылындағы көпір туралы сөз етіліп, жасалатыны туралы айтылды. Ендеше, ақтөбеліктердің бұл қуанышқа да жетіп, сүйіншілейтін сәті туады деп ойлаймын», – дейді әріптесіміз.

Көктемнен бері туған жері Ақтөбе ауылының түйткілді мәселелерінің түйіні тарқатылса екен деумен екі ортада жүрген Жұмағали ақсақал ойын былайша топшылады.

«*Қанша жылдан бері түсімде ауылымды көретін болдым. Кейде өскен жерімдегі қай тастың қайда жатқанын көзіммен елестететемін. Мұндағы әр жота – мен үшін ыстық. Себебі бұл ауылда менің де табанымның ізі қалған. Тіпті кейінгі кездері жол мен көпірдің шаруасын өзімше жобалап жатып оянатын болдым. Елу жылдан кейін ауылға келу себебінің бір ұшы осы десем, сенбейтін шығарсыздар бәлкім.*

Биылғы жылдың мамыр айында келіп, туған жердің қойнауында жатқан жақындарымның аруағына құран бағыштап, ас бердім. Осындағы біраз азамат ақшалай қаржы жиыстырып, ауылдағы бейіт маңын қоршадық.

Азаматтың үш құбыласы болады екен. Оның бірі – Меккедегі Қағба, екіншісі – өзінің жүрегі, ал үшіншісі – туған жері». Шынында да осы үш құбыла адамның қасиетті бағыты екені анық. Мекке – Пайғамбарымыз Мұхаммед мәңгі орын тепкен орны болса, жүрек деген әркімнің тіршілігіне бағыт берер қайнар күш.Сол сияқты «Туған жер – алтын бесік», «Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас» деген халқымыздың туған жерге арналған әр даналық сөзі кімкімді болса да тебірентері сөзсіз ғой.

АҚТӨБЕ ауылы – өмірімнің бастау бұлағы болған, мәңгілік құбылам, қасиетті атамекенім. Осы бір қасиетті мекенімнің сиқын көріп, жаным ауырды. Содан қоғамның барометрі болған БАҚ өкілдеріне жүгініп, Ақсу ауданына қарайтын Ақтөбе деген ауыл бар екендігін, ескерусіз қалған елді мекеннің жайын жоғарыға жеткізсеңіздер деген ойымды айттым. Біраз басылым, телеарналардың журналистері келіп, ауылдың бет-бейнесін көздерімен көріп, мақала жазып, теледидардан да көрсетілді. Ендігі ойым газет бетіне шыққан мақалаларды алып, Жетісу облысы әкіміне кіріп, мән-жайды айтқым келеді.

«Халықтың көзі, құлағы һәм тілі» болған баспасөз өкілдеріне айтар алғысым шексіз. Осы кісілердің арқасында елеусіз қалған шағын ауылдың шамы қайта жанды. Алдыңғы жолы айтқанымдай, бұл ауылға осыған дейін бірде-бір әкім аяғын баспаған. Ұмыт қалған ауыл ғой. Басылымда шыққан мақалаларға құлақ түргендіктен болар Ақсу ауданының әкімдігі Ақтөбе ауылындағы түйіні тарқатылмай келген біраз мәселенің шешімін табуына қолғабыс етті. Аудан әкімдігі суды жөндеуге 5 миллион теңге бөлді. Бұдан өзге де атқарылған іс баршылық. Ендігі ақтөбеліктердің жанына батып тұрған мәселе – жол мен көпірдің жыры. Осы проблема шешілсе, ауыл іші көркейіп, жанданар еді. Бұл тұста Ақсу ауданының әкімдігімен қазіргі таңда бірге жұмыс жүргізудеміз. Олар мені, мен оларды түсінуге тырысып жатырмыз. Бірақ, бұл мәселені шешуге аудан бюджетінде қаражат жоқ екенін айтады. Егер расымен де жоқ болса, онда бұған облыс әкімінің көмегі тиер деген үміттемін. Неге десеңіз, 1969 жылдан бері жөндеу көрмеген көпір құлайтын болса, онсызда тозып, жойылуға шақ қалған ауылдың сыртқы әлемнен мүлдем қол үзіп қалу қаупі бар. Төтенше жағдайға тап болмайық десек, істі жылдамдату керек-ақ. Дәл қазіргі таңда қатты алаңдаулымын. Осы ауылда туып, топырағынан жаралған соң мұны айту менің азаматтық парызым деп білемін», – деп ағынан жарылған Жұмағали Тұрсынұлы ауыл тұрғындарының жанайқайы ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ қаперіне іліксе екен дейді.

Сарби ӘЙТЕНОВА
ТАЛДЫҚОРҒАН – СУЫҚСАЙ – АҚТӨБЕ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

ЫСЫРАПШЫЛДЫҚ – ҚОҒАМ ДЕРТІ

ФИНЛЯНДИЯДА ӨМІР СҮРЕТІН БІР ҚАЗАҚТЫҢ «ФЕЙСБУК» ЖЕЛІСІНЕ ЖАРИЯЛАҒАН ӘҢГІМЕСІН ОҚЫП, ҚАЛЫҢ ОЙҒА ШОМДЫМ. ОЙДЫ ОЙ ҚУАЛАЙДЫ. ЕУРОПАДАҒЫ ӨМІР СҮРУ ШАРТЫ МЕН ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТҰРМЫСТЫ САЛЫСТЫРУҒА КЕЛМЕС. АЛАЙДА ТӘУЕЛСІЗДІК АЛҒАН ОТЫЗ ЖЫЛДЫҢ ІШІНДЕ ҚАЗАҚСТАН ЖАҺАНДАНУ ҮРДІСІНЕ ІЛЕСЕМІЗ ДЕП ӘДЕП-ҒҰРЫП, САЛТ-ДӘСТҮРДЕН ЖҰРДАЙ БОЛЫП ТОНАЛДЫ.

«Аттыға еріп жаяудың таңы айырылыпты» дегендей, Еуропаға еліктейміз деп қазақи дәстүр, ұстанымымыздан айырылып қалдық. Білім, ғылым, технологиялық салада, заң жүйесінде батыстан тәлім-тәрбие алған дұрыс деп асыра сілтеп жібергеніміз де рас. Бұл өз алдына бөлек әңгіме.

Мақалаға арқау болып тұрғаны Финляндия халқының ысырапшылдыққа жол бермейтіні жайлы баяндалады. Ысырапшылдыққа жол бермеу дәстүрі қазақта да болған. «Нанды баспа, нан қоқымын шашпа, асты қорлама, әр нәрсенің бағасын біл, судың да сұрауы бар» деген қазақ бүгінгі қоғамда байырғы тиянақтылық үрдісінен жаңылып, астың да, заттың да қадірін біліп жүрген жоқ. Тоқсаныншы жылдардың ортасында тоқырау жылдары басталғанда ішер ас, киер киімге жарымай көптеген жаңұя кебек жеп, аш құрсақ болғандарын қазір ұмытып кетті. Қазір бәрі бар, тоқшылық заман десек те тойып секіріп жүргендерден тоңып секіріп жүргендер көп. Финляндияда ысырапшылдыққа жол берілмейді деген фейсбуктегі жазба осы мақаланы жазуға түрткі болды. Онда жұмыс жасағандар еш нәрседен таршылық көрмейтінін, жұмыссыздарға үкімет жәрдем беретінін, әрі фин халқы әр заттың бағасын бағалай білетінін, ысырапшылдыққа жол бермейтінін, қолданған заттарын лақтырып жібермей арнайы тапсырыс орындарына, сауда дүкендеріне өткізіп беретіндері жайлы айтады. Ал Қазақстанда ысырапшылдық бар ма? Бар, бар болғанда қандай, астың да, заттың да қадірін біліп жатқан қазақ жоқ. Әлеуметтік жағдайы нашарларға үкімет жеті өлшеп, бір рет кесіп берген жәрдемақылары да күнкөріске жетпейді. Оның үстіне бізде ысырапшылдық дегенің шектен шығып кеткен. Бір ғана азық-түлікті алайық. Қоқыс тастайтын жәшіктердегі тағам қалдықтарын көрсеңіз, көзіңіз шарасынан шығады. Ас атасы нанды бітеудей лақтырғандарды көресің. Обал-сауап дегенді мүлде ұмытқан. Ашаршылық заманында бір шөкім нанға зарыққан елдің ұрпағымыз дейміз. Бірақ астың қадірін біліп жатқан қазақ жоқ. Бір апамыздың айтқаны бар еді: «*Аса тоқшылық болған жақсы емес екен. Қазіргілер асты қорлап төгетін болды, ысырапшылдыққа жол берді. Мұның түбі жақсы болмайды. Біз осы ас үшін қынадай қырылғанбыз, аузың жаман демеңдер, тойынғандарды сабасына түсіріп тұру үшін аштық-зобалаң болып тұрғаны дұрыс*» дегені бар-ды. Тіпті өткен ғасырдың 80 жылына дейін ауылда өстік қой, үлкендер дастархандағы нанның қоқымын шашпай-төкпей жинап алып, «жеп қойындар, обал болады» деп жататын. Ал қазіргілер дорба-дорбасымен ас-тағамдарды

қоқысқа төгеді. Өткенде көгілдір экраннан көзім шалып қалды, бір кәсіпкер күл-қоқыстардан қатып, көгерген нандарды жинап, қоймаға таудай қылып үйіп, малға жем дайындап жатқанын көрсетті. Апыр-ай, деп көгілдір экранға көз тоқтатып, баяғы апаның «Аса тоқшылық болған жақсы емес» деген сөзі ойыма оралды. Қазір техниканың дамыған заманы, еш нәрсеге таңсық емеспіз. Әрбір отбасы сол нанды көгертпей, қатып қалғанын лақтырмай, духовкаға салып қытырлақ нан (сухари) жасап алуға болады ғой. Бұл бір нанға ғана қатысты емес, барлық тағамды ысырап етпей қажетке жаратуға болады. Еуропадағы қазақтың айтуынша, Финляндияда өмір сүру шарттары өте жақсы дейді.

«Кедей адамды кездестіру қиын. Егер ішімдікке салынған немесе есірткіге тәуелді және еңбекке жарамсыз ауру адам болмаса, еңбек еткен адам ешкімге мұқтаж болмайды. Қандай бір еңбек істеген адамға жеткілікті жалақы төленеді. Кейбір себептермен белгілі уақыт жұмыссыз немесе үйсіз болса, мемлекет жәрдемақы, баспанамен қамтамасыз етеді. Ал қалыпты еңбек ететін адамдар жеткілікті жалақы алады және қандай да бір қаржылық тапшылығы болмайды. Финляндияда осындай молшылық болса да азық-түлік, киім-кешек немесе тұрмыстық заттарға қатысты мүмкіндігінше ысырап жасалмайды. Аса қажет болмаса ешкім артық нәрсе сатып алмайды. Үйіндегі, қолындағы бір заттың қажеттілігі қалмаса тастай салмайды, оны жарияға салып, қажеттілігі бар біріне береді. Болмаса ескі зат алатын дүкендерге немесе ескі зат жинайтын ұйымдарға өткізеді. Қажеттілігі бар адамдар сол жерден алады. Мысалы, балалы отбасы қаражат тапшылығы жоқ болса да ескі киім немесе ескі зат дүкендерінен қажетті киім-кешек немесе заттарын арзанға сатып алады. Бір жылдан кейін киім-кешектері кішірейіп қалса, тағы басқа қажеттілігі бар адамдарға сатады немесе ескі зат дүкендеріне өткізеді. Киюге немесе қолдануға жарамай қалған заттар қайта өңдейтін өндірістерге өткізіледі. Ешкім ешбір затты қажетсіз деп қоқысқа тастап, ысырап жасамайды. Азаматтар ескі зат дүкендерінен ештеңе сатып алмаса да, барып аралап қайтуды ұнатады. Финляндияда ескі зат дүкендеріне бару немесе зат сатып алу ешқандай ұят емес, ешкім айыптамайды. Керісінше, бұл адамдардың қарапайымдылығы мен ысырапшыл еместігін, интеллектуалды азамат екенін көрсетеді. Финляндияда

сіздердегідей қымбат әрі үлкен «джип» машиналар көп жоқ, ондай көлік міниі жүруді жатырқанады. Өйткені Отан үшін, адамзат игілігі үшін басқа маңызды істер тұрғанда ондай қымбат көлік міниі, жанармайына көп қаражат жұмсау, ауаны ластау дұрыс емес. Қымбат киім киіну, қымбат көлік міну – мақтанға жатады және жоқшылықтың зардабын тартқан психологиядан туындаған немесе мақтанға бой алдырған комплекстің белгісін, интеллектуалдың төмендігін көрсетеді. Сондықтан бұл жердің адамдары қарапайым, бірақ таза киінеді. Жалпы Президенттен бастап, бәрі де қарапайым өмір сүреді. Финляндия халқы адамдарды киген киімі мен мінген көлігіне қарай бағаламайды. Керісінше, біліміне, интеллектуалдық адамшылығына қарай бағалайды.

Финляндия халқы құқықтың әділдігіне ерекше назар аударады, адам құқықтарын қорғауды басты назарда ұстайды. Құқықтық, әлеуметтік және моральдық қағидаларды бұзбайды. Сонымен қатар білім мен ғылымға ерекше көңіл бөледі», – дейді автор. Ал біздің мемлекетте қалай? Бай – байға, сай – сайға құйып жатқан дәуір. Онысымен қоймай, кедейдің кербезінен сақта демекші, асты қорлағанымызбен қоймай киім-кешекті, үй жабдықтарын да қоқысқа лақтырып тастаймыз. Киілген киімдерді саудалайтын дүкендер бізде де баршылық. Бірақ одан сауда алуды көп қазақ ар санайды. Киілген киімдерді жиыстырып дүкенге өткізу бізде жоқ. Оны айтасыз, бір үйде өскен екі-үш бала қазір бірінің кигенін, екіншісі кимейтін әдет болды. Ал дәулетті адамдар киілген киімдер сататын дүкенге кірмек түгілі, маңайынан жүрмейді, оны олар ұят санайды. Бізде байбағландар және жарлы жақыбайлар деп екі топқа бөлінген. Жасыратын несі бар әлеуметтік жағдайлары нашар отбасыларға мешіттен азық-түлік пен елден жиылған киімдер үлестіріледі. Қайырымдылық шаралары ұйымдастырылады. Оның өзін айғайлап, аттандап, жарнамалап мұнша отбасыға киім-кешек, тамақ тараттық деп әкімдіктер есепке кіргізіп жібереді. Ол, ол ма? Мешіттен үлестіретін киімдерді алуға барған жандар «Бізге ескінің керегі жоқ, жаңасын беріңдер» деп қиғылық салады екен. Болмаса «Мынау Қытайдың киімі баламның үстін қышытады» деп ренжиді дейді мешіт имамдары. Ал Рамазан айларында тұрмысы төмен отбасыларға мал етін таратамыз. Келіп алыңдар десек, келгендер «Маған арқа еті керек емес, жамбас пен таза еттен бер» деп шамданады. Бас-сирақ, ішек-қарынды алмай кергиді. Тіпті, маған тек қабырға етін беріпсің деп қайтып әкеп тастаған адамдар да болды дейді. Біз оны тізімделген адамдарға теңдей үлестіруіміз керек, әрі оны құрбандық шалғандар сойып, теңдей бөліп, қапқа салып береді. Біздің міндет үлестіру ғана деп реніштерін айтты. Міне, тағам мен киім-кешекке қатысты біздің қоғамдағы керағар көзқарас. Әйтпесе, өзіміз бала кезде бір үйде төрт-бес бала болдық, біріміздің кигенімізді екінші, үшіншіміз киіп өстік. Ата-аналарымыз бардың бағасын біліндер, жоққа жүйрік жетпейді деп тәрбиеледі. Нанды ысырап етпек түгілі, қоқымын шашпайтын. Осы ысырап дүниеге қатысты балаларға арнап:

«Нан қоқымын шашпаңдар,
Жерде жатса баспаңдар.
Теріп алып қастерлеп,
Торғайларға тастаңдар» деп ақындар өлең де шығарды ғой. Әттең, осы үрдіс үзілді. Ысырапшылдық кең етек жайды. Тазалық дегенді өзіміздан бастауды білмедік.

Бір ай бұрын Түркияға бардым. Әуежайынан түсе салысымен біздің мемлекеттен айырмашылығы қандай екен деп жан-жағыма зер салдым. Әр қадам аттасаң, сауда үйлері мен базарлар қаусап тұр. Бірақ тазалық дегенің сұмдық енді. Шашылып, төгіліп жатқан зат көрмейсің. Базар маңындағы асауқат пісіретін орындарға әдейі барып көрдім, тап-тұйнақтай қызығасың. Біздің елде оның бірі жоқ, жабайы базар тұрмақ сауда үйлерінің маңындағы тазалықты айтудың өзі ұят. Ашық-шашық саудаланып жатқан азық-түлік, ысырап болып жатқан жеміс-жидектер мен ас қалдықтарынан аяқ сүрінеді. Базар жұмысы аяқталар-аяқталмастан сыпырғыштарын қолына алып шаңды бұрқыратып, күл-қоқысты жиыстырып жатады. Сол қоқыстың ішінде ысырап болған азық-түлікті көресің. Асханадағы жағдайлар тіпті сорақы. Ондағы ас қалдықтары сұрыпталып жатқан жоқ. Тау теңіз болып қоқыс жәшігіне жөнелтіліп жатады. Ысырапшылдыққа қарсы Құран аяттарында да айқын жазылған. «Әй, адам балалары! Әрбір құлшылық орнында зейнеттеріңді алыңдар. Киіңдер және жеңдер, ішіңдер де ысырап етпеңдер. Күдіксіз Алла ысырап етушілерді сүймейді деп жазылған. Бұл «Ағраф» сүресінің 31 аяты. Сондай-ақ қайсы бір адам ысырап жасамаса ешқашан кедейлікке ұшырамайды дейді. Мүмкін біздің қоғамда кедейлердің көп болуы, осы ысырапшылдыққа байланысты шығар. Қанағаты жоқ, мешіттің берген азық-түлігін қомсынып, қайтып әкеп тастағандарды қалай жағдайы нашар деп айтасың. Бұл барып тұрған ашкөздік.

«Ас қадірін ашыққанда білерсің» дегендей, түбі мұның да бір сұрауы болатын шығар. Сөйте тұра нан бағасы көтерілсе ойбай, қымбатшылық келді, азық-түлік қымбаттады деп жар саламыз. Ал оны үнемдеп, ысырап етпеуді мүлде елеп-ескеріп жатқан қазақ жоқ. Астың да, киімнің де қадіріне жетіп жатқанымыз жоқ. Жалпы қазақ менталитетінде одағай істер шаш етектен келеді. Ал адам құқығы жайлы айтудың өзі әбестік. Жазықсыз жәбірленіп, құғын-сүргін көріп, құқығым тапталды деп Біріккен ұлттар ұйымына дейін шағымданып жүргендер жетерлік. Ысырапшылдық тек қана аста болмайды. Қолданыстағы барлық затта үнем болуы, әр нәрсенің қадір-қасиетін бағалай білу керектігін фин елінің азаматы жазыпты. Мұны атам қазақ ықылым заманнан мызғымас қағида етіп, ұрпақтан-ұрпаққа өнеге етіп қалдырып отырған. Сол байырғы дәстүр ата-баба қағидасы бұзылды. Қазақ ысырапшылдыққа жол берді. Оған кім кінәлі? Әрине, әр отбасы, күллі қазақ қауымы кінәлі.

Айтақын МҰХАМАДИ
Суреттер ғаламтордан алынды.

Дүйсенбі - Понедельник, 24 қазан

ҚАЗАҚСТАН

06.05«Жәдігер»
06.25, 03.25«Күй-керуен»
07.00 К/ф «Жаужүрек мың бала»
09.20, 00.55 «Көңіл толқыны»
10.00, 18.00 Т/х «Жүректегі күз»
12.00 «Әзіл әлемі»
13.15 Т/х «Дина күй құдірет»
15.15 «Мұзарт» тобы 20 жылдық концерті
20.00«Ш. Қалдаяқовтың» конценті
21.00 Т/х «Мағжан мен жастарға сенемін»
22.45 «Бауырлар»
23.35 К/ф «Кездейсоқ әке»
01.35 «Ауылдастар»
02.05 Д/к «Арыстың ізі»

ХАБАР

05.00 «Қызық таймс»
06.00, 17.00 «Бегом за деньгами»
07.00 «Оян!»
10.00 «Бақыттың кілті»
10.35М/с «Нильс»
11.00,20.00 «Келінжан-4»
12.00, 21.00 Т/х «Мелек»
14.00 «АйнаLine»
15.00 Мегахит «Загнанный»
18.00 Концерт «Мерейлі отбасы»
19.30 Д/ф «День когда все начиналось»
23.00 Сериал «На самой грани»

АСТАНА

06.00Т/х «Фазилет ханым»
07.00 М/с «Маша и медведь»
09.20, 21.00 Т/х «Дастан»
10.25 Х/ф «Почти мачо»
12.50, 01.00 «Жұлдызбысын»
14.35 Республика күніне арналған д/ф «Аңсау»
15.00 «Өмір өзен»
Ұ. Жолдасовтың шығармашылық кеші
17.40 Х/ф «Томирис»
21.55 Х/ф «Ұлы дала таңы»
02.30 «Көру керекі»
03.15 «Мариям»

ЕВРАЗИЯ

06.00«Той базар»
07.50 «Тамада Battle»
09.00 «Свободные судьбы»
13.00 «Моя мама -невеста»
14.30 QOSLIKE
18.30, 02.40 Басты жаңалықтар
19.00, 03.05 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал «Место под солнцем»
00.40 «Триггер»
01.50Сериал «Охота на изюбря»

КТК

07.05 «Өз елім» Мұзарт тобының концерті
08.30 «Тайлақтың тақиясы»
10.40, 01.50 «Келинка Сабинка-3»
12.30 «Замкнутный круг»
16.30, 02.30 «Зәкира»
17.30 Т/х «Жүрегімнің иесі»
18.55 «Қорықшы: қарымта соққы»
19.30, 04.00-04.30Кешкі жаңалықтар
20.00, 03.15 Астарлы ақиқат
21.00 Вечерние новости
21.40 Х/ф «Без тебя»
00.00Х/ф«Шеф-5»
03.30- 04.30 «Әндер мен жылдар»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
09.00 Апта (қаз)
10.00 Апта (рус)
11.00 «Олжа»
11.30 «Эко-рейд»
12.00 «Бір туған» телехикаясы
12.45 «Әсем әуен»
13.00 Д/ф «Мәдени байлықтар»
13.15 «Спорт-тайм»
13.30 «Ай мен күн» телехикаясы
14.30 «Егемен елім» концерті
16.00 «Қасиетті Қонаев»
16.30 «Қазақ үні»
17.00 «Әсем әуен»
18.00 «Елге қызмет»
18.30 Д/ф «Әйгілі режиссер»
19.00 «QR.kz»
19.30 «Жанашыр»
20.00 «Әсем әуен»
22.00 «Бір туған» телехикаясы
23.35 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00, 03.10 Әзіл студио
07.00«Таңсәрі»
09.00, 002.00 «31 әзіл»
10.00, 10.30 Мультсериал
11.50 Сериал «Мой шпион»
13.00 Кино «Крид, наследия рокки»
16.00 Кино «Скайлайн»
18.00Х/ф «Рататуй»
20.20 «Капитан Марвель»
23.00 Т/х «Полтергейст»
01.00, 04.30 What s upp
02.30 «Паутина»
03.20 «әзіл студио»
03.50 «1001 әзіл»
04.00 Balla Battle
05.00 «Ризамын»

7 КАНАЛ

06.00, 04.40 «Қуырдақ»
06.10,12.30 Т/х «Пәленшеевтер»
07.10, 01.30 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
09.00, 17.20 Т/с «Женский доктор»
10.30,19.30 Сериал «Смерть вобъективе»
14.00, 23.00 «Жалдамалы әйелдер»
15.00Т/х «Әке мен әке»
16.10, 00.00 «Дылды»
18.30 «Берекелі мереке»
22.00 «Ауыл дәрігері»
03.00 «Жайдарман»
04.00 Т/х «Япырай»

Сейсенбі - Вторник, 25 қазан

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Жәдігер»
06.20 «Ш. Қалдаяқовтың» концерті
07.00 «Таңшолпан»
10.00 «Ән мен әнші»
12.50 «Балдаурен»
13.35 Басты декларация
14.10, 21.00 «Мағжан мен жастарға сенемін»
16.00 Димаш «Ұмытылмас күн»
19.00 «Арнау» Димаш Құдайбергеновтың концерті
22.45 Концерт
00.50 Футбол

ХАБАР

05.00 «Қызық таймс»
06.00, 17.00 «Бегом за деньгами»
07.00 «Оян!»
10.00 «Уәде»
10.35 Мультсериал
11.00, 20.00 Т/х «Келінжан-4»
12.00, 21.00Т/х «Мелек»
14.00 «АйнаLine»
15.00 Сериал «Ковер шоу»
16.00 Республика күніне орай телеморофон тікерей эфир
19.30Декларация
23.00 «Нужен мужчина»

АСТАНА

06.00Т/х «Фазилет ханым»
07.00 М/с «Маша и медведь»
09.20, 21.00 Т/х «Дастан»
10.25 Т/х «Томирис»
14.35 «Шымкент» шоу
18.00 «Ұлы дала таңы»
21.55 Т/х «Жетім жүрек 2»
23.50 «Шырмалған шындық»
01.40 «Семьянин»
03.15 «Мариям»

ЕВРАЗИЯ

06.00«Той базар»
07.50 «Тамада Battle»
09.00 «Племяшка»
13.00 «Батя»
14.30 QOSLIKE
18.30, 02.40 Басты жаңалықтар
19.00, 03.05 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал «Место подсолнцем»
00.40 «Триггер»
01.50Сериал «Охото на изюбря»

КТК

07.05 «Рухы биік қазағым» ән кеші
09.30 к/ф «Тойхана»
11.10, 02.00 «Шабдылы»
13.20 «Без тебя»
15.30 «Рахмет саған туған ел» Музарт тобы ән кеші
17.30 Т/х «Жүрегімнің иесі»
18.55 «Қорықшы: қарымта соққы»
19.30, 04.00-04.30Кешкі жаңалықтар
20.00 Мерекелі концнрт
21.00 Вечерние новости
21.40 Х/ф «Без тебя»
00.00 «Шеф-5»
03.30-04.30 «Әндер мен жылдар»

ЖЕТІСУ

07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
10.00 «Тәуелсіздік декларациясы» деректі фильмі
10.30 Мерекелік концерт
12.00 «25 қазан – Республика күні!» мерекелік шығарылымы /тікелей эфир/
15.00 Республика күніне арналған салтанатты шара
17.00 «Шашу»/тікелей эфир/
18.00 «Сегодня»
18.30 Концерттік бағдарлама
19.30 «Тәуелсіздік декларациясы» деректі фильмі
20.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Новости (Алматинская область)
21.30 Новости (Область Жетысу)
22.00 Мерекелік концерт
23.00 «Талқы»

31 КАНАЛ

06.00, 03.20 «Әзіл студио»
07.00 «Таңсәрі»
09.00, 00.00 «31 әзіл»
10.00, 10.30 Мультсериал
11.20 «Онигамиден легенда о тысячелетнем Драконе»
12.45 «Рататуй»
15.15 «Коктейль для звезды»
17.20 Х/ф «Капитан Марвель»
20.00 Специональный репортаж
20.20 Т/х «Человек-муравей»
21.50 «Астрал глава два»
02.00, 04.30 What s upp
02.30 «Паутина»
03.20 Әзіл студия
03.50 «1001 әзіл»
04.00 Balla Battle
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 04.40 «Қуырдақ»
06.10,12.30 Т/х «Пәленшеевтер»
07.10, 01.30 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
09.00, 17.20 Т/с «Женский доктор»
10.00,19.30 Сериал «Смерт в объективе»
14.00, 23.00 «Жалдамалы әйелдер»
15.00, 22.00 Т/х «Ауыл дәрігер»
16.10, 00.00 «Дылды»
18.30 «Елмен қауышқан егемендік»
18.55 «Берекелі мереке»
03.00 Жайдарман
04.00 Япырай

Сәрсенбі - Среда, 26 қазан

ҚАЗАҚСТАН

06.05, 03.30«Жәдігер»
06.25 Бас декларация
07.00 «Таңшолпан»
10.00, 13.00,15.00, 17.00, 20.00, 03.00 Ақпарат
10.10, 18.00 «Жүректегі күз»
12.00 «Өмір көркем»
13.10, 21.30 Т/х «Күйеу бала-2»
14.10,15.15 «Мағжан мен жастарға сенемін»деректі фильм
16.35 Д/ф «Барыстың ізі»
17.15 «Ауылдастар»
20.30 «Берекет кілті бейнет»
20.35«Ашық алаң»
22.30 Телехикая «Бауырлар»
23.20 «1001 түн» қоғамдық бағдарламасы
00.35 «Көңіл толқыны»
00.50 Футбол

ХАБАР

05.00 «Қызық таймс»
06.00 «Жұп-жұбымен» Тұрсынбек Қабатовтың шоуы
07.00 «Оян!»
10.00«В фокусе»
10.35 Мультсериал
11.00, 20.00 Т/х «Келінжан-4»
12.00, 21.00 Т/х «Мелек»
14.00 «АйнаLine»
15.00, 23.00 Сериал «Нужен мужчина»
17.00 «Бегом за денгами»
18.00 Новости
19.00Қорытынды жаңалықтар

АСТАНА

06.00Т/х «Фазилет ханым»
07.00 М/с «Маша и медведь»
09.20, 21.00 Т/х «Дастан»
10.25 «Ене»
11.30, 23.50 «Шырмалған шындық»
13.30 Айтарым бар
14.30, 01.40 «Окно жизнь»
17.40 Т/х «Кішкентай келін»
18.40 «Ана»
20.00 «Астана таймс»
21.55Т/х «Жетім жүрек-2»
03.15 Т/х «Мариям»

ЕВРАЗИЯ

06.00«Той базар»
07.00 «П@утина»
08.00 «Қайырлы таң Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро Казахстан!»
10.00 «Жить здорово»
10.50 «На самом деле»
12.00, 02.55 Сериал «А у нас во дворе»
13.05 «Дом с лилиями»
14.10 «Новости»
14.20 «Жаңалықтар»
14.30 QOSLIKE
18.30, 03.30 Басты жаңалықтар
19.00, 02.45 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35, 02.25 Т/с «Место под солнцем»
00.40 Т/с «Триггер»
01.50 «Охота на изюбря»

КТК

07.05, 19.30, 04.10-04.40 Кешкі жаңалықтар
07.30 «Жат туыстар»
09.00, 21.00 Вечерние новости
09.40, 00.00 «Шеф-5»
11.50, 21.40 «Без тебя»
14.00 «Старший следователь»
16.30 «Зәкира»
17.30 «Жүрегімнің иесі»
18.55 «Қорықшы: қарымта соққы»
20.00, 03.25 Астарлы ақиқат
01.50 Сериал «Королева бандитов»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Әсем әуен»
11.30 «Бүгінгі дін»
12.00 «Бір туған» телехикаясы
12.45 «Әсем әуен»
13.00 Д/ф «Мәдени байлықтар»
13.30 «Сегодня»
14.30 «Спорт-тайм»
14.15 «Әсем әуен»
15.00 Жаңалықтар
15.20 «Спорт-тайм»
15.30 Жаңалықтар
15.45 «Әсем әуен»
16.00 Новости
16.20 «Әсем әуен»
16.30 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
17.00 «Шашу»/тікелей эфир/
18.00 «Бүгін» /тікелей эфир/
18.45 «Әсем әуен»
19.00 «Мамандық маңызы»
19.30 «Жаңа Қазақстан»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Бір туған» телехикаясы 87-серия
22.45 «Әсем әуен»
23.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
23.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)

31 КАНАЛ

06.00, 20.00 «Әзіл студио»
07.00 «Таңсәрі»
09.00, 00.50 Сериал «Ануупама»
10.00,10.30 Мультсериал
11.30 «Потомки солнце»
13.00 «Коктейль для звезды»
15.00 «Макс»
17.30Х/ф «Человек-муравей»
20.00 Информбюро
21.00 «Экипаж»
00.00 Т/х «Зейнеп»
01.40 «31 әзіл»
02.00, 04.30 What's up?
02.30 Сериал «Паутина»
03.20 « Әзіл студио»
03.50 «1001 әзіл»
04.00 «Bala batlle»
05.00 «Ризамын»

7 КАНАЛ

06.00, 04.40 «Қуырдақ»
06.10,12.30 Т/х «Пәленшеевтер»
07.10, 01.30 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
09.00, 17.20 Т/с «Женский доктор»
10.00,19.30 Сериал «Смерть в объективе»
14.00, 23.00 «Жалдамалы әйелдер»
15.00, 22.00 Т/х «Ауыл дәрігері»
16.10, 00.00 «Дылда»
18.30 «Айбат»
19.00 «Студия 7»
03.00 Жайдарман
04.00 Япырай

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

КӨКЕЙКЕСТІ

ӘРБІР АЛТЫНШЫ ЕРКЕК

өзгенің баласын асырауда

Тал бесіктен бастала-тын тәлім-тәрбие әдірем қалды. Үлкеннен имену, кішіге жол көрсету, қыз баланың тәрбиесі, ер адамның отбасындағы жауапкершілігі, айта берсең әдеп-ғұрып, салт-дәстүрмен сабақтасып ұлттық идеология жойыл-ды. Еуропадан үлгі аламыз деп етегіміз ашылды, жағамыз жыртылды.

Қарттардың қадірі қашты, ананы ардақ тұтпайтын болдық. Келін мен ене арасындағы байланыс бағзы заманнан келе жатқан үрдісінен жаңылды. Бала тәрбиесі батыстық үлгіге көшті. Болашақты болжап жеткен би-шешендердің айтқаны айна қатесіз келіп жатыр. Біз шынымен ақырзаманның шегіне жетіп қалдық па? Мәңке би бабамыз айтқан мына тергеуінді нақыл сөзіне көз сүзіңізші...

Ақырзаман заманның кезінде –
Көлдің суы бітіп, табаны қалар,
Аттың жүйрігі кетіп, шабаны қалар,
Жақсының атағы кетіп, азабы қалар,
Әулиенің әруағы кетіп, мазары қалар,
Адамның жақсысы кетіп жаманы қалар,
Сөздің маңызы кетіп, самалы қалар,
Сөйтіп, ақылы жоқ санасыздың
заманы болар.

Кер заманның кезінде –
Құрамалы қорғанды үйің болады,
Айнымалы, төкпелі биің болады,
Халыққа бір тиын пайдасы жоқ
Ай сайын бас қосқан жиын болады.
Ішінен ішек айналмайтын,
Ежірей-деген ұлың болады,
Ақыл айтсаң ауырып қалатын
Бедірей деген қызың болады.
Алдыңнан кес-кестеп өтетін,
Кекірей деген келінің болады, – деп, термелей айтқан өсиеті – дәл бүгінгі қоғамға сай келіп тұрған жоқ па? Көк сандықтың бетінде шешесі қызымен, келіні енесімен, баласы әкесімен алысып, қағынан жерігендер туралы түсірілім жиі көрсетілетін болды. Халыққа тәлім-тәрбиесі жоқ бұл бейнетаспалар телевизияның рейтингісін жоғарылатып тұр екен. Енді қазаққа жетпегені ДНҚ сараптамасын тапсырып, өз баласы ма, жоқ өзгенің баласы ма екенін анықтау қалыпты. Сұмдық, жағаңды ұстап шошисың. Отбасының құндылығын бағалай алмағандар ажырасқандарымен қоймай, екі-үш еркектен бала тауып, оны бір еркекке теліп, алимент төлемей жүр деп сотқа шағымданып, одан қалса «Астарлы ақиқат», «Көреміз» телебағдарламаларында шұбырып жүр. «Бұл менің балам емес деген ежірейген еркек пен керілдескен келін ДНҚ тапсырып балаларының биологиялық әкесінің кім екенін анықтап жаһаннамға жар салуда. Сарапшылардың дабыл қағып жатқан ақпаратына зер салсаңыз, Қазақстанда әрбір алтыншы әке өзгенің баласын тәрбиелеп отыр – дейді. Тіпті, ДНҚ тестінің көмегіне жүгінетін ер азаматтардың саны артыпты. «Қызым үйде, қылығы түзде» деген нақыл енді әйелдерге қарай ойысты. Әрбір алтыншы еркек өзгенің баласын асырап отырса, әйелдерге деген күмән қайтып сейіледі. Барлық әйелдерді жазғырудан аулақпыз. Еркек әйелінің көзіне шөп салыпты дегенді естуші едік. Енді әйелі өзге еркектен бала көтеріп, масқара болуда. Көгілдір экрандағы бағдарламаны көрсеңіз, «Күмәніңіз болса ДНҚ тапсыруға болады» деген жарнама айғайлап тұр.

Сарапшылардың пікірінше, әкелікті анықтау үшін жасалатын ДНҚ сынағы қазір танымал болғаны сонша, елдегі жетекші сынақтардың біріне айналғанын, Stan.kz ақпарат агенттігі 31 арнаның Информбюро бағдарламасына сілтеме жасап ғаламторға жариялады. Бұл не деген санасыздық. Отбасыларын ойрандап, күлге аунап, жұмыртқа тапқан тауықтай еркектің сағын сындырғандар биологиялық әкесі анықталмаған балалардың да психологиясына соққы жасады-ау. Қазір әрбір қалада генетикалық қатынасты орнатуға болатын орталықтар бар екен. Және олардың жұмыс істеп келе жатқанына 15 жылдан асқандарын сарапшылар айтуда.

Сарапшылардың деректері бойынша, *«2020-2021 жылдарға 100% іріктеуден 78% «Иә, әке болу расталды» деген нәтиже шықса, 22% әкелікті анықтау дерегі теріс болғанын көрсеткен. Бұл әрбір алтыншы әкенің өзгенің баласын тәрбиелеп отырғанын көрсетеді»,* – дейді зертхана маманы Ұлдана Көккөзова.

ДНҚ орталықтарына негізінен 30 бен 70 жас аралығындағы ер адамдар жүгінеді екен. Психотерапевт Виктория Вангтың айтуынша, ер адам әлеуметтік желідегі әке болуды анықтауға арналған тестілеуге арналған жарнамаларды көріп қалып, санасында ой туындауы мүмкін.

«Бірінші себеп – мазасыз адам. Ол патологиялық қызғаншақ адам және бұл ойлар оның миында үнемі болады. Бәлкім, ол бір кездері сатқындыққа ұшыраған шығар, енді әр қарым-қатынастан қандай да бір құлық іздейтін болады. Екінші себебі – дау кезінде әйелі байқаусызда «бұл сенің балаң емес!» деп айтып қалуы ықтимал. Бұл ой күйеуінің санасында қалып қояды. Үшінші себеп – туыстарының, әріптестерінің немесе достарының тарапынан айтылатын «Бала саған онша ұқсамайтын секілді» деген секілді орынсыз пікірлер», – дейді психотерапевт Виктория Ванг.

Қалай болғанда да 30 жастағы еркектердің ДНҚ тестіне жүгінуін түсіністікпен қарауға болар. Ал енді 70 жастағы еркектердің бұл ерсі қылығын қалай пайымдауға болады. Онсызда бүгінгі қоғамда тастанды бала көбейіп, туа салып әжетханаға, күл-қоқысқа лақтырып кеткен көкек аналар мен сол баланың өмірге келуіне дәнекер болған ессіз еркектердің ерсі қылықтары аз болғандай, енді ДНҚ тестін өткізіп балаларының биологиялық әкелерін анықтап жүргендердің арасында ата сақалы аузына түскендердің жүруі азғандық емей немене?

Бұл ұлттық менталитетімізге, арнамысымызға сын. «Бояушы, бояушы дегенге сақалын бояпты» дегендей аузынан тісі түсіп, ұртын тілімен бастырып жүргендер әйелдерінен күдіктеніп, баласының биологиялық әкесінің кім екенін анықтау үшін ДНҚ сараптамасына жүгініп жүргенінің өзі өліммен тең. Жетімдер үйінен бала асырап алып, бауырына басып жүргендерден айналып толғанып жүрсек, кейбір еркектер өз балаларынан жеріниіп, алимент төлеуден жалтарып, ДНҚ тест тапсырып, биологиялық әкесі өзі болып шыққанда енді алимент төлеймін деп экранда мүләйімсіп тұрғанын көресің. Кердеңдеген келіндер мен ербеңдеген ерлердің бұл өнегесінен бүгінгі қоғамдағы жас өрендер қандай тәрбие алады. Ашық-шашық кіндіктерін жарқыратып жүрген де қазақ. Ата дәстүрін аяққа таптап, Еуропаға еліктеп жүрген де қазақ. Орталық Азия мемлекеттерінің ішінде Түрікменстанды, Тәжікстанды, Өзбекстанды алып қараңызшы, ұлттық құндылықтарын бетке ұстап, жасы да, жасамысы да салт-дәстүрін берік ұстанады. Иә, олардың да арасында жеңіл жүрістілер бар. Бірақ олар ол әдепсіздіктерін өз елдерінде жасап отырған жоқ. Қазақстан мен Қырғызстан Ресей мемлекеттерінде жасап жүр. Біраз жыл бұрын қазақ қоғамы жақсы бастама көтеріп, жетімдер үйін жойып, сондағы балаларды асырап алып үндеу жасаған-ды. Ол жоспар жүзеге асып «патронат» отбасылары көбейіп, бала асырап алушылар саны артты. Алайда бұл бағдарламадан да шикілік шығып, бала асырап алушылардың арасынан балаға оң көзқараспен қарамай, кейбір балалар қайтадан жетімдер үйіне оралды. Біздің айтпағымыз мүлде басқа әңгіме. ДНҚ тест тапсырып, биологиялық әкесі анықталмаған жағдай жиіліген сайын тірі жетімдердің санын арттырып алмаймыз ба? Тіпті, жаһаннамды шулатып, қайта қосылған ерлі-зайыптылар арасында бөтен балаға әке болып жүргендер «баланың қандай кінәсі бар» деп жауапкершілікті сезініп, сол балаларға өгейлігін көрсетпей, қатарынан қалдырмай асырап, білімін беріп, қанаттандырып жіберсе құба-құп. Ал шешелерің кімнен тапса сол асырасын деп сыртқа теуіп, суық қабақ танытса, не зорлық-зомбылық көрсетсе баланың обалына кім жауапты? Оған басты себеп, сарапшылар айтып отырған баланың биологиялық әкесін анықтауды сұраған арыздардың «жаңбырдан кейін қаулаған саңырау құлақтай» көбейіп кетуі көңілді алаңдатып тұр. Мұның себебінің бір төркіні ойнақтап жүріп махаббаттан опа таппай, бопа тауып алғандар болса, екінші себебі бір-бірімізді толық танып, мінез-құлқымыз сай келгенше азаматтық некеде тұрайық деп екіге жарылғандардың кесірінен алимент өндіре алмай, сотқа жүгініп, «ал баланың әкесі мен емеспін» деп ДНҚ сараптамаға жүгініп жүргендер.

Бейресми мәліметтерге сүйенсек, құжатта көрсетілген әкесінен туылмаған балалар саны 30 пайыздан асатынын айтуда. Сондай-ақ заң органдары бүгінде әкелікті анықтауға арыз берушілер санының артып отырғанын жасырмайды. Бір ғажабы, экспертиза қызметіне жүгінгендер оның қымбаттығына да қарап жатпайтын көрінеді. Ал оның арыздануы әкеге де және балаларға да психологиялық соққы болып тиетінін білсе де тартынып тұрмағанын сарапшылар айтуда. Әкелікті анықтау ерікті түрде болса да кейде сот органдарының араласуымен жүзеге асады.

Бұл туралы ҚР «Неке және отбасы туралы» заңында егжей-тегжейлі жазылған. Атап айтқанда, ол заңды некеге тұрмағандардың арасында дау туындаған жағдайда сот процесі тек әйелдің арызы бойынша қаралатыны жазылған. Азаматтық процессуалдық кодекстің 91-бабының 8-тармағы бойынша екі жақтың бірі тексеруден жалтарса немесе анықтауға қажетті материалдарды өткізуден бас тартса, онда сот кімнің кінәлі, кімнің кінәсіз екеніне қарамастан әкелікті тануға шешім шығара алады. Соттың экспертиза тағайындауын орындамағандар сотты құрметтемегені үшін айыппұл төлейді. Тексеруден өту үшін үштіктің құрамы толық болуы керек, яғни әкесі, анасы және баласы үшеуі бірдей зертханаға сараптама тапсырады. Оны медициналық тілмен « атрио» деп атайды. Онда әке мен бала қанының құрамы 99,75 пайызға ұқсас болуы және әкелік PI индексі 400-ден кем болмауы қажет. Нәтиженің нақтылығы жоғары. Әкелікті анықтау үшін ДНҚ тестін үйде отырып та анықтауға болады екен. Бірақ ол заңды тұрғыда дәлелдеуге жатпайды. Заңды құжаттар түрлі құқықтық жағдайлар үшін аса қажет.

Елімізде заң шығарушы орган еркектерге ДНҚ анализін тапсыру үшін анасынан рұқсат алуға тыйым салынбаған. Ал Германияда баладан анасының рұқсатынсыз немесе соттың шешімінсіз анализ алған адамға 5 мың еуро айыппұл салынады. Зертхананың талабы бойынша баладан биоматериалдар алынады, яғни, сілекейі мен бірнеше тал шашы қажет болады. Зертханалар берген заңды қорытындылар отбасылық құқықты қорғау, алимент төлеуді шешу, баланы өз қарауында қалдыру және көші-қон мәселесін шешу үшін ауадай қажет. Әкелікті анықтау 20 күнге созылады.

«Жүре берсең көре бересің» дегендей, жаһанданудың жұтқыншағында жұтылып жатқан тек қана жастар емес. Екі дәуірді қатар көрген егделер де отбасы бала-шағасынан безіп, ДНҚ анализ тапсырып, баласының биологиялық әкесінің кім екенін анықтауға арызданып жүргендері ұлттық болмысымызға, жеті атаға толмай қыз алыспайды деген қазақи қадір-қасиетімізге кері қағылған сын. Оның сыртында қазақи тәрбие, тағылымда жетімді жылатпаған, жесірді қаңғытпаған елдігіміз бордай езіліп барады. Мұның барлығының түп төркіні ұлттық идеологияның өзегіне түскен құрт, қазақтың теңдігінің тамырын ірітіп-шірітіп барады. Майқы би айтқан кер заман бәлкім осы шығар.

Заман ақыр болар
Жер тақыр болар,
Халқы пақыр болар.
Балалар жетім болар,
Әйелдер жесір болар,
«Ә» десе «мә» дейтін кесір болар.
Бас қосылған жерлерде,
Әйел жағы ден болар,
Жаман-жақсы айтса да,
Өзінікі жөн болар.
Орай салып бастарын
Жалпылдатып шаштарын,
Тақымдары жалтылдап,
Емшектері салпылдап,
Ұят жағы кем болар,
Сөйткен заман кез болса,
Түзелуі қиын болар.

А. БҰЛҒАҚОВ

Суреттер ғаламтордан алынды.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЖЕНСКОЕ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВО

ПРЕДСТАВИТЕЛИ АБР ПОСЕТИЛИ АЛМАТИНСКИЙ ЦРЖП

КАК ПЕРЕДАЕТ ПРЕСС-СЛУЖБА РГП ГОРОДА АЛМАТЫ, 15 ОКТЯБРЯ НА ПЛОЩАДКЕ ПАЛАТЫ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ ГОРОДА АЛМАТЫ – ЧЛЕНЫ СОВЕТА ДИРЕКТОРОВ АЗИАТСКОГО БАНКА РАЗВИТИЯ ПОСЕТИЛИ ЦЕНТР РАЗВИТИЯ ЖЕНСКОГО ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА ГОРОДА АЛМАТЫ. ОТМЕТИМ, ДАННАЯ ВСТРЕЧА ПРОВОДИЛСЯ В РАМКАХ ОФИЦИАЛЬНОГО ВИЗИТА ЧЛЕНОВ СОВЕТА ДИРЕКТОРОВ В КАЗАХСТАН В ПЕРИОД С 15 ПО 18 ОКТЯБРЯ 2022 ГОДА.

Модератор мероприятия Председатель Совета деловых женщин города Алматы НПП РК «Атамекен», Акеркин Эралиева, поприветствовала гостей и отметила плодотворное сотрудничество НПП «Атамекен» и Азиатского банка развития в реализации проекта по созданию центров.

«Центры развития женского предпринимательства – это своего рода площадка, где женщины развивают свои навыки, обмениваются опытом, работают с наставниками. На базе центров налажено сотрудничество со многими международными фондами, организациями, целью которых является повышение экономической активности женщин. Например, центры «Бакытты отбасы» направляют на обучение многодетных мам, желающих открыть бизнес или повысить компетенции в вопросах предпринимательства. В целом, все наши инфраструктурные проекты реализовываются с учетом потребностей женщин-предпринимателей и в этом немаловажную роль играет Совет деловых женщин, насчитывающий более 1800 членов по всей стране», – Акеркин Эралиева.

Член Совета директоров АБР, г-н Серджио Лугарези, поблагодарил за организацию встречи и коротко рассказал о приоритетах банка.

«Мы представляем совет директоров АБР. Его 11 членов прибыли в Казахстан, чтобы ознакомиться с ходом реализации проектов АБР в стране. У Банка есть долгосрочная стратегия до 2030 года, которая включает семь основных приоритетов, в числе которых достижение гендерного равенства. Мы хотим узнать о вашем опыте развития женского предпринимательства, ваши истории успеха, а также о возможных трудностях, с которыми вы сталкиваетесь на этапе реализации проекта», – сказал г-н Лугарези.

В ходе встречи заместитель председателя правления НПП «Атамекен», г-н Тимур Жаркенов, отметил, что проект по созданию Центров развития женского предпринимательства в 17 регионах Казахстана стал возможен благодаря поддержке стратегически важных для Нацпалаты партнеров: Азиатского банка развития и Программы развития ООН.

«Для Казахстана – это уникальный, инновационный проект, который нацелен на стимулирование экономической активности женщин, а также устойчивое развитие центров женского предпринимательства. Деятельность центров развития женского предпринимательства способствует достижению цели в области устойчивого развития, гендерной стратегии нашей страны и гендерной стратегии Центрально-Азиатского Регионального Экономического Сотрудничества, имеющие подход к улучшению гендерной политики и усилению равного доступа мужчин и женщин к экономическим возможностям», – подчеркнул г-н Жаркенов.

Спикер напомнил, что первый Центр женского предпринимательства был создан в городе Туркестан 19 ноября 2021 года, а уже с 15 марта 2022 года центры открыли свои двери для женщин-предпринимателей и женщин с предпринимательской инициативой в 17 регионах Казахстана. Центры созданы и развиваются с учетом передового международного опыта, услуги оказываются для 7905 женщин на основании выявленных потребностей для их успешного развития в сфере бизнеса.

Об основных результатах работы центров рассказала Руководитель Центров развития женского предпринимательства НПП РК «Атамекен» Назира Джакипбаева.

«Миссией ЦРЖП является расширение экономических возможностей женщин посредством поддержки в организации и развитии бизнеса. В Центре мы предоставляем консультации, оказываем услуги обучения, менторства и внешней оценки бизнеса» – отметила спикер.

По словам Назиры Джакипбаевой, сегодня Центры развития женского предпринимательства работают в 17 регионах Казахстана с марта 2022 года на базе региональных палат предпринимателей НПП РК «Атамекен». Особенностью ЦРЖП является предоставление 7 видов услуг на основании потребностей и дальнейшее формирование тематик обучения и менторства в зависимости от выявленных нужд женщин. Обеспечена устойчивость ЦРЖП: планируется выделение финансирования из республиканского бюджета на последующие 3 года, с 2023 по 2025 годы.

Об инновационном подходе, используемом в проекте, рассказала управляющий директор - директор департамента социальных инициатив НПП «Атамекен» Салтанат Абикаримова.

«Если раньше инструменты поддержки основывались на том, что их разрабатывали на отдельные категории людей. Рассматривали подходят или не подходят условиям заявители. Теперь впервые был разработан такой инструмент, когда у женщин спрашивают, чего они хотят, чему они хотят обучаться. Только после этого идет заказ обучающих курсов и тренингов», – сказала Салтанат Абдикаримова.

С конкретными кейсами, историями успеха выступили женщины-предпринимательницы, которые начали свой стартап благодаря поддержке Центра женского предпринимательства.

Многодетная мама, социальный предприниматель Шынар Баймуханова любила заниматься огородом. Женщина хотела хобби трансформировать в бизнес. При поддержке центра она начала свой бизнес с обычной теплицы и реализации эко продуктов. Она рассказала, что занимается выращиванием исключительно экологически чистых овощей. При выращивании не используются химикаты. Женщина намерена увеличить площади теплиц. Предпринимательница Айгерим Кариева начала масштабировать свой бизнес, и обучать финансовой грамотности других женщин. Многодетная мама Сандугаш Есенбекова обучилась ведению бизнеса в центре и сегодня открыла свой цех по шитью, где обеспечивает работой 20 женщин категории социально-уязвимых слоев населения. Жамиля Турумкожаева тоже открыла швейный цех. Занимается вышивкой на текстильных изделиях. Наталья Сидорович обучилась ведению бизнеса, благодаря поддержке ментора разработала франшизу и масштабирует свой детский учебный центр. Все предпринимательницы впечатлили представителей АБР своим упорством и достижениями за короткий период ведения предпринимательской деятельности.

Директор АБР в Казахстане Нариман Маннапбеков поблагодарил выступивших женщин и пожелал им дальнейших успехов в развитии бизнеса.

Далее прошла сессия дискуссии, где члены Совета директоров Азиатского банка развития, задавали вопросы женщинам, начавшие свое дело.

Напомним, что Проект по созданию Центров развития женского предпринимательства был запущен с ноября 2021 года и финансируется Азиатским банком развития (АБР), с 2023 года финансирование и расширение деятельности планируется в партнерстве с Министерством национальной экономики из республиканского бюджета.

Ш. ХАМИТОВ.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЗЕРДЕ

«МЕН ЕДІМ МӘМЕКЕНІҢ НҰРСАПАСЫ»

Туған жеріннің, әйтпесе өскен өлкең мен қызмет істеп жүрген жеріннің Құрметті азаматы атанудан асқан абырой жоқ деп ойлаймын. Туған-туыс пен ауылдас азаматтар, әріптестер еңбегің мен басқа да жеткен жетістіктеріңді бағалап, құрметтеп жатса мерейің қалай тасымасын? Содан кейін де бұл атақ көп реттте маған бірқатар орден, медальдардан да артық көрінеді.

Ақын Нұрсапа Аманжолов

Ғасырлар тоғысында Балқаш ауданы бойынша да осындай атақтар беріле бастаған еді. Нөмір бірінші атақ қайық аударылып Іленің мұздай суына батып бара жатқан 15 баланың 12-сін ажал тырнағынан алып қалған Бейсетай Дәуренбековке берілсе, келесі құрметті атақ арқалы ақын, Қытай Жазушылар одағы мен Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Нұрсапа Аманжоловқа берілген.

Олай болатын жөні де бар еді. Бейсетай ағамыз мың адамның бірінің қолынан келе бермейтін, әлем бойынша теңдесі жоқ ерлік жасап, ауданның ғана емес, бүкіл өңіріміздің атын шығарса, Нұрсапа ағамыз кезінде «Балқаш еңбеккері» газетінде қызмет істеп, аудан дамуына, еңбек озаттарының мерейін асыруға өзіндік үлкен үлесін қосқан болатын. Бақ дарыған өңірдің атынан талай рет ақындар айтысына қатысып, намысын қорғағаны өз алдына бөлек әңгіме. Сөз орайы келгенде «Бақ дарыған Балқаш елінде бүкіл жұртқа белгілі осындай арқалы ақын тұрады» деген мақтаныштың өзі әдеби қауым өкілдерінің алдында талай рет абыройымызды асырғанын да айта кетейік.

Нұрсапа Мәмекеұлымен алғашқы таныстығымыз 1985 жылдан басталып еді. Бұл кезде аудандық газеттегі қызметін аяқтап, шаруа қожалығымен айналысуға көшкен ақын ағамыз Күртіге қарасты Желторанғы ауылында тұратын.

Басқа мамандық иелері зейнетке шыққанымен журналист, жалпы ақын-жазушы қауымы жер басып жүрген кезінде жазуын тоқтатпайды емес пе? Сол айтқандай Нұрсапа ағамыз да тіршілігінде қолынан қаламын түсірмей өтті. Содан кейін де ақынның сезімге толы ойлы өлеңдері республикалық, облыстық басылымдармен қатар Күрті аудандық «Шұғыла», Балқаш аудандық «Балқаш еңбеккері» газеттерінде тұрақты жарияланып тұратын.

Нұрекеңнің малды ауылдан келгені күртілік журналистер қауымы үшін кішігірім тойға айналатыны өз-өзінен түсінікті. Басқа жұмысты қоя тұрып, кейде жұмыс уақытынан кейін қалып та ақынның жаңа жырларына құлақ түреміз. Сәдуақас Бигелдиев ағамыз бастап, Айтуған Шәйімов, Марат Қашқынбаев қостап, жалпы әдебиет, поэзия, өмір жайындағы қызу әңгімеге кірісеміз. Қыза келе Жолболды Ысқақ пен Дағжан Белдеубайұлы да жыр додасына қосылып кетеді. Сол бір керемет кездерді еске алсам ең алдымен Нұрсапа ағамыздың сұлу мұртын сипап қойып жылы жымиыспен жыр оқып отырған сәті көз алдыма келеді. Қамшының сабындай қысқа өмірдің қайта оралмас керемет сәттері-ай десеңізші!

Қаламгер ағамызбен арадағы жақын қарым-қатынас Бақанасқа көшіп барғанда да жүйелі жалғасты. Бұл кезде «Балқаш өңірі» деген атпен жаңа тынысын ашқан аудандық газетте де ағамыздың жан тербейтін жақсы өлеңдері мен аудан тарихын, осы өңірде өткен ел қорғаған ерлер мен жұртшылық есінде қалған өнерпаздар жайын қаузайтын зерттеу мақалалары жиі жарық көріп тұрды.

Жалпы әр өңірде сол өлкенің өткен тарихын қозғап, ел қорғаны болған батыр, бағландардың, ақындары мен сал-серілерінің ғұмыр тарихын зерттеп, ауыз әдебиеті үлгілерін жинап жүретін құймақұлақ азаматтар болады. Бұл мәселе сөз болғанда Балқаш өңірінде ғұмыр кешкен бірқатар болыс, билер мен батырлардың өмір деректерін анықтап, зираттарының орнын нақтылап, белгітас қойылуына себепкер болған Нұрсапа Аманжолов екендігін айтып өткеніміз лазым. Нақты деректермен сөйлейтін болсақ, ақын кезінде Суан Сатай, Әтікей батырлардың ерліктері туралы дастандар жазумен қатар Жалайыр Бақай, Түлек, Орақты, Ысты Есім – Малай, Едіге, Қазанбай, Шой батырлар туралы зерттеу еңбектерін жариялады. Осындай зерттеу еңбектерінің негізінде Едіге батыр жерленген маңға – Құланбасы тауының етегіне аты-жөні жазылған құлпытас қойылды.

Ақын Балқаш жерінде ғұмыр кешкен, осы өңірде болған Медет Жиенбаев, Қағазбек, Ақмәди, Сонабай, Кенен мен Ләтифа, т.б. ақындардың өлең, айтыстарын жинап, «Балқаш өңірі», «Шұғыла» газеттеріне жүйелі жариялап отырды. Жоғарыда сөз болған Бейсетай Дәуренбекұлының ерлігі жайында да «Ерлікке ескерткіш» атты деректі поэма жазып, ер есімін мәңгілікке қалдыруға қомақты үлесін қосты.

Өмір өткелдері

Дарынды ақын Нұрсапа Аманжолов 1933 жылғы 12 көкекте Қытай Халық республикасына қарасты Қорғас ауданы аумағындағы ежелгі мемлекет астанасы Алмалық шаһарында (қазіргі Тулы Темірхан кенті) дүниеге келді.

Негізінен Жаркент өңірінде ғұмыр кешкен әкесі Мәмеке ақынжандылығымен, домбыра тартып, сыбызғыны сызылта ойнайтын өнерімен ерекшеленіпті. Сауаттылығымен қатар қара күштің иесі, жауырыны жерге тимеген палуан да екен. Айтысқа бейімі бар шешесі Бұрышбала да қазақтың ертегі, аңыз-әңгімелерін майын тамыза айтып отыратын құймақұлақ жан болыпты.

Осындай өнерлі адамдардың отбасында дүниеге келген Нұрсапа қаршадайынан қағылез, зерек болып өседі. Өлеңге, өнерге деген құштарлығы да осы кезде байқала бастайды. Ондай бейімінің оянуына әкесінің Әбіләкәм, Шаншар, Әпрейім, Рақымжан, Баймұса, Шунақ сияқты ақындарды ауылға шақырып, өлең, қисса, дастандар айтқызып, думандатып жататындығы да әсер еткен секілді.

Өлеңге құштар балдырғанның оқу-білімге де бейім болатындығы бесенеден белгілі емес пе? Содан кейін де шығар, бала Нұрсапа да білімге құштарлығын ерте байқатып, алдымен Дағыр, Кеген мектептерінде бастауыш сыныптарда оқып, содан кейінгі жерде Қорғас мектебінде орта білім алады. Құлжа қаласындағы Ахметжан Қасыми атындағы мамандар жетістіру білім жұртын 1953 жылы үздік бітіріп, арнайы орта білім алған соң Үрімжідегі Шынжаң Ұлттар университетінің филология факультетіне жолдама алады. Осы кезеңде алғашқы өлеңдері газет бетінде жариялана бастайды.

Өкінішке қарай, бұл факультетте қазақ бөлімі жоқ болып шығады. Алайда баланың қабілетін байқаған оқу орнының басшылары оны ұйғыр тілі мен әдебиеті бөліміне қабылдайды.

«Мықты алып та, шалып та жығады» дегендей, қабілетті жас өзге тілде жүргізілетін оқуды да, туыстас тілді де тез меңгереді. Ұйғыр тілін жетік меңгергендігі соншалықты, осы кезеңде шығыс жұлдыздары Фирдоуси, Әлішер Науаи, Низами, Физули, Біләл Назым сынды классиктердің шығармаларын сол тілде тереңдете оқып, поэзияға деген көзқарасын, талғамын қалыптастырады.

Талантты ақын осы жылдары Әлішер Науаидың «Құстар тілі» атты өлеңдер жинағын қазақ тілінде сөйлетті. Шығыс классигінің ықпалымен өзі де балаларға арналған «Табиғат әліппесі» атты суретті кітап жазды. Бұдан кейін де осы орайда жазылған біршама туындылары дүниеге келіп, Үрімжі қаласындағы «Жастар» баспасынан Дала жазы» жыр жинағы, балаларға арналған «Күнікей қыз» суретті кітапшасы басылып шықты. Таланты бағаланғандықтан да шығар, небары 24 жасында, яғни 1957 жылы дарынды қаламгер Шыңжан Жазушылар одағына мүшелікке қабылданып, «Шұғыла» әдеби журналының алқа мүшелігіне сайланды.

Еңбек жолын Үрімжі қаласындағы 2-спанда (мұғалім дайындау мектебі) мұғалім болудан бастаған жас маман кейінірек Үрімжідегі Шинжаң Ұлттар институтында, педагогикалық институтта қазақ, ұйғыр, қытай сыныптарына қазақ әдебиетінен, дүниежүзі әдебиетінен, жазу өнерін үйретуден дәріс беріп, лекциялар оқиды.

Ұлттар институтында ол кезде қазақ тілі мен әдебиеті факультетінің болмағандығын айтып өттік. Бұл жағдай ұлтжанды азаматтың

Жары Фариза, немересі Шерханмен бірге

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

арқасына аяздай батып, өзімен пікірлес Сұраубай Қазыбеков, Байбазар Өстеміров, Шөнен Жаңабаев, Ахметбек Кіршібаевтармен бірге бұл олқылықтың орнын толтыруға жан сала кіріседі. Осы мақсатпен Алтай аймағына арнайы барып, талантты ұл-қыздарды оқуға шақырады. Сондай ұл-қыздардан алғашқы қазақ әдебиеті сыныбын ашып, өзі сабақ береді. Уақыт өте келе осындай бірнеше сыныптан қазақ әдебиеті факультеті ашылады.

«Ұстазы жақсының ұстанымы жақсы» дегендей, Нұрсападан тәлім алған шәкірттер қатарынан кейін қырық шақты ақын, жазушы, баспагер шықты. Алғашқы шәкірттерінің қатарындағы Жәркен Бөдешұлы мен Нұрқасым Қазыбеков, Әбен Дәуренбеков, Оразанбай Егеубайлар кейін бүкіл қазақ еліне белгілі қаламгерлерге айналды.

Жас ақынның институтта дәріс берген жылдары Қытайдың солақай саясатының күшейе түскен кезімен тұспа-тұс келді. Содан кейін де зиялы қауымға деген қысым күшейе түсіп, Қажығұмар Шабданұлы, Омарғазы Айтанұлы сынды ақындарды «ұлтшыл» деп қаралау кезеңі басталды.

Жастық жігері қайнап, ұлтжандылық сезімі тасқындап тұрған жас маман ақын ағаларына жасалған көпе-көрнеу әділетсіздікке төзе алмады. Шыңжаң өлкесінде шығып тұрған газетке арнайы мақала жазып, Омарғазы Айтанұлының шығармаларына әдеби көркемдік, ең бастысы, әділет тұрғысынан баға берді. Оның «Омарғазының үш өлеңі туралы» көлемді мақаласы осы кезде «Шынжаң» газетінің екі санында басылды.

Осыдан бастап өкімет тарапынан қуғындалғандардың қатарына Нұрсапа ақын да қосылады. Әтікей батыр жайлы ел арасында айтылатын әңгімелер мен дастан, тарихи жырларды тірнектеп жинап, кітапқа дайындауы да отқа май құйғандай әсер етіп, оған «байшыл, ұлтшыл, көнені көксеуші» деген айдар тағылады.

Бұл орайдағы тарих қаламгердің атамекенге қоныс аударып, қойнауы құтты Балқаш өңіріне қоныстануымен аяқталды. О баста Балатопар ауылына табан тіреген ақын алғашында күнкөріс үшін мал бақса, одан кейінгі жерде ұстаз мамандығына қайта оралып, жақын маңдағы Бурылбайтал, Топар, Балатопар ауылдарында мұғалім, мектеп директорының орынбасары қызметін атқарады. Уақыт өте келе атамекендегі әдеби ортамен де араласа бастайды.

Ұстаздық қызметке қалыптасқан қаламгерге кәсібін ауыстырып мал соңында жүру оншалықты оңайға да соқпайды. Ен табиғат аясында «қоймен бірге ой бағу» шығармашылығына оң әсер еткенімен ақын жанының оқырманның ортасын қалап тұратыны, дәйім сол жаққа асығатыны бесенеден белгілі жайт емес пе? Соған орай ақынның:

Мен едім Мәмекенің Нұрсапасы,
Қор болған бағаланбай жыр сапасы.
Қой бағып Іле бойлап жүрер ме едім,
Домалап өрге қарай тұрса тасым, – деп күйініш айтатыны да осы кез.

Бұл өлең аудан басшыларының, Бақанастағы журналистердің де құлағына жетіп, ақын «Балқаш еңбеккері» газетінің редакциясына қызметке шақырылады. Бұл кезде аудан, облыс жұртшылығына ғана емес, бүкіл ел көлеміне танылған, шежірелік «Атамұра», «Дария шалқар», «Іле иірімдері», «Керуен өмір көшеді» кітаптары жарық көрген талантты ақын алғашында тілші болып еңбек етсе, одан кейінгі жылдары газет бас редакторының орынбасары лауазымына көтеріліп, өңірдің мәдени, рухани өмірінің жандануына қомақты үлесін қосады. Тіршілік қиындай бастаған тұста «Желтораңғы» кеңшарына қоныс аударып, үйреншікті болып қалған малшылық кәсіппен айналысса, зейнетке шыққаннан кейінгі жерде Бақбақты ауылына тұрақтайды.

Айтыс ақтаңгері

Бүгінде өмірден өткеніне аттай 12 жыл болған Нұрсапа ақын домбыраны да тәуір шертетін, тенор дауысты айтыскер ақын еді. Соған орай кезінде, нақтырақ айтатын болсақ, 1970-1985 жылдар аралығында күртілік Өтесін Құбиев пен Айтуған Шәйімов, жамбылдық Жолдасқан Құрамысов, балқаштық жерлесі Зекен Әбілдаевтей ақындармен айтысып, талай-талай топ жарған болатын. Сондай айтыстардың біріне тоқтала кеткен де жөн шығар.

1982 жылдың мамыр айында Еңбекшіқазақ ауданында облыс ақындарының V айтысы өтіп, Нұрсапа ағамыз Жамбыл ауданынан келген жыр жүйрігі Жолдасхан Құрамысовпен бәсекеге түседі. Бірден шабуылға көшіп, жыр нөсерін төпелеткен әріптесіне балқаштық жерлесіміз орынды жауап қайтарып, айтыстың дәстүрімен ол да сын айтуға көшеді.

Бұрындары айтысатын ақындар ең алдымен қарсыласы тұратын ауданды аралап, жетістігі мен кемшілігін саралайтын. Байқаған кемшілігін жырға қосып, бәсекелесін тұқыртып алуға тырысатын. Қос саңлақ та осы ретпен аудандарының жетістігімен қатар кемшіліктерін де тізбектеп, қарсыласын тұқыртып алуға күш салатын. Сол ретпен «Көп малың жабайыға айналыпты, есепсіз оны неге жай бағыпты? Ауданың сүт пен қымыз аз өндіріп, түлкі мен тышқан бағып алданыпты» деп сын айтқан жамбылдық әріптесіне Нұрсапа ағамыз: «Балқашты жамандама, сауының ғой, өзіңнің мұндағы ел де бауырың ғой. Жамбылда шөп шығымы болмағанда, іздеп кеп шөп шабатын ауылың ғой», – деп жарасымды уәж айтады.

Ақынның мұндай айтыстарда айтқан орынды сын, ұтқыр жауаптарынан көптеген мысал келтіруге болады. Аудан көлемінде өткен мәдени шараларды ашқан сәтте төкпелеп айтқан жыр-толғаулары да жұртшылық көкейінде жатталып қалды. Баға жетпес бұл мұралар бүгінде ақын ұрпақтарында сақтаулы. Оны жинақтап, болашақта толық жинағын шығару келер күннің еншісіндегі мәселе.

Көркем мінезді қаламгер

«Аққөңіл, жайдары мінезді, елу жылдан бері бәйбішесі Фаризаның бетіне бірде-бір рет тура қарай алмаған ұялшақ жігіт. Әлқисса! Ұялшақтық жағынан әлемнің рекордтық кітабына жазылатын ерекшелігі бар Нұрсапа Мәмекеұлы».

Жаркенттік Бижан Рамазанұлының өмірбаяндық кітапшасынан осындай бір пікірді көзім шалып қалды. Ашығына көшетін болсақ, ақынға берілген бұл мінездеме бірден көкейіме қона кетті. Расында Нұрсапа Аманжоловты бір көрген адам бұл кісіні жібек мінезді, тіпті қыз мінезді жан екен деп ойлап қалуы әбден мүмкін. Ұялшақтығы жөніндегі пікір де осыдан келіп туындайды. Келіспей қалғанды былай қойғанда керісіп қалған адамының өзінің де бетінен алмай, жылы жымиып қойып, байыппен жауап қайтарып отыратын адамды қыз мінез демей не дерсің? Діни кітаптарда айтылатын көркем мінез дегеніміз де осындай-ақ болатын шығар?!

Ер адамдарға осындай қатынас жасаған соң ақынның әйелдер қауымына деген ілтипаты жайында айтып жатудың да қажеті жоқ шығар деп ойлаймын. Беріден қайыратын болсақ, ағамызбен сыйлас болған жылдар ішінде ол кісінің Фариза тәтемізге бірде-бір рет дауыс көтеріп, қатты сөйлегенін көрмеппіз. Жан жарын қашанда құрметтеп, қай ортада болсын мерейін асырып отыратын еді. Өз кезегінде тәтеміз де ағамыздың абыройын асқақтатып, жақсылығын жария қылып жүретін.

Өнегелі отбасында жеті ұл мен екі қыз дүниеге келді. Әлия мен Біржан арғы бетте жарық дүние есігін ашса, Елжан мен Еркін, Нұржан, Дәурен, Арман, Бауыржан, Әйгерімдердің кіндігі Балқаш өңірінде кесілді.

«Жақсыдан жақсы туады, тектілік тұқым қуады» демекші, ақынның ұлы Арман Аманжолов қазақтың Құрманғазы атындағы Ұлттық консерваториясын баян класы бойынша үздік бітіргеннен кейін Нұрғиса Тілендиевтің академиялық «Отырар сазы» оркестрінің баяншысы әрі концертмейстері болып істеді. Содан кейінгі жерде Талдықорған қаласына қызметке ауысып, мұндағы өнерсүйер қауымға өз саласы бойынша мықты маман екендігін дәлелдеді. Қазіргі кезде Алматы қаласындағы Мұқан Төлебаев атындағы музыкалық мектепте халық аспаптары оркестрінің жетекшісі, дирижері.

Қызы Әйгерім де консерватория түлегі, қазіргі таңда Талдықорғандағы музыкалық колледжде флейта аспабы бойынша ұстаздық қызмет атқарады. Арманның қыздары Жайна мен Жадыра болса Алматы қаласында Ахмет Жұбанов атындағы дарынды балалар музыка мектебінде 5 сыныпта оқиды.

Нұрсапа ақын бәрімізді жаратқан бір Алла тағаланың құдіретіне бас ииіп, мұсылмандық шарттарын орындауды қасиетті парыз көретін тақуа жан болатын. Бір жолы әңгіме арасында Бақбақты ауылы қарияларының өзін наиб имам, яғни имамның орынбасары, көмекшісі сайлап қойғандығын, мұндай ілтипаттың өзіне бұрынғыдан да қомақты міндеттер жүктейтіндігін айтып тебіренгені есімде. Бұған дейін де артық-ауыс қылығы байқалмайтын ақын мінезінің осыдан кейінгі кезде биязылық жағына қарай бұрынғыдан да өзгере түскендігін байқайтынбыз.

Ұлы Арман Аманжолов әкесінің өнер жолын жалғастырды

Өмірлік достары болған шертпе күйдің шебері Уәли Бекенов және ақын Оразақын Асқармен бас қосқан бақытты сәт

Байтақ өлке жыршысы

Қай қаламгер болсын өз шығармасына ең алдымен туып-өскен өлкесін, тірлік кешіп жатқан ауыл-аймағын арқау етеді. Нұрсапа ақынның шығармашылығын да нақ осы бір алтын арқау – туған жерге деген сағыныш пен перзенттік махаббат, бақ дарыған Балқаш өңіріне, оның адамдарына құт-береке сыйлап отырған төл табиғатына деген іңкәрлік сезімі көктеп өтеді.

Өлеңді Қабан жырау селдеткен жер,
Тыңдаған қалың елін тербеткен жер.
Есім, Малай елдерін жырға қосқан
Жамбыл әсем дауысын өрлеткен жер.
Қордайдан сонау алыс Кенен ақын,
Сабалап Көкшолағын кеп жеткен жер.
Айтысып Ләтипадай сұлуменен,
Сөз байлап ап қашуға белгі еткен жер.
Бақтыбай Әстай қызды жеңіп алып,
Бесігін махаббаттың тербеткен жер.

Сәуірде бәйшешегі жайнаған жер,
Нуында бұлбұлдары сайраған жер.
Едіге жауды қойдай айдаған жер,
Қарабек бес қаруын сайлаған жер.
Жел есіп Қазанбайдың айдарынан,
Батырлар кермеге атын байлаған жер.

Ақын шығармашылығынан мұндай өлең жолдарын көптеп келтіре беруге болады. Соның қай-қайсысынан да зерттеушінің өлке тарихын жетік біліп қана қоймай сол тарихты үлкен махаббатпен жырға қосатындығын, ел есінде қалған ерлердің рухын айрықша құрметтейтіндігін аңғарамыз. Бұл орайдағы ойымызды ақынның:

Адамдары айбатты,
Ірі болған бұл Балқаш.
Батырлар мен ақындар
Елі болған бұл Балқаш.
Алтын дәннің өлкесі,
Кені болған бұл Балқаш, – деген өлең жолдары жарасымды толықтыра түседі.

Аудан орталығы Бақанас ауылындағы өлкетану музейінде ақын, өлке тарихының жыршысы, зерттеушісі болған Нұрсапа Мәмекеұлы Аманжоловтың өмірі мен шығармашылығына арналған бұрыш жұмыс істейді. Онда қаламгер кітаптары мен қолжазбаларының көшірмелері, отбасы мен дос-жарандарының, әріптестерінің суреттері, т.б. құжаттар сақтаулы.

Түйін орнына

Талантты ақындардың көпшілігінің шығармашылығында өздерінің болашақ тағдырын айқындайтын, сонымен қатар, кейінгі ұрпаққа жолдау, өсиет тұрғысында жазылған өлең жолдары кездеседі. Тіпті қай кезде жазылғанына қарамастан «Ойпырмай, мынау ел-жұртымен, жарық дүниемен қоштасу түрінде жазылған өлең ғой. Бұл өлеңге кезінде қалай мән бермегенбіз?!» деп сан соғып қалатын жырлар көзге ұрып тұрады. Мен Нұрсапа Мәмекеұлының:

Аман бол, алтын Топар, алтын елім,
Сыйласқан, бал жаласқан халқым едің.
Құттықтап қуанышты мерекеңді,
Ортаңда қоңыр қаздай қалқып едім.

Аман бол мен кетсем де, алтын елім,
Сұрайтын менен қандай бар тілегің?
Кетейін аспаныңа нұрым шашып,
Жарқ еткен найзағайдың жарқылы едім, – деген қос шумағын сондай көрегендікпен жазылған жырлардың қатарына қосар едім. Бұл шумақтар оқырман көңіліне жалғыз Топар ғана емес, бүкіл Балқаш жұртшылығымен, Қазақстан дейтін байтақ елімен қоштасып жазылған өсиет өлең қатарында қабылданады. Байтақ қазақ еліне танымал болған ақынның кезінде қуанышымызды бөлісіп, ортамызда қоңыр қаздай қаңқылдағаны да, тіршілігінде ел аспанына нұрын шашып, жарқ еткен найзағайдай жалт етіп өмірден өткені де рас емес пе? Сондай аяулы ақынның аты аудан орталығындағы, өзі тұрған Бақбақты ауылындағы бір көшеге берілгені дұрыс деп ойлаймыз. Бұл ауылының, ауданның ақын рухына көрсеткен ілтипаты ретінде қабылданары сөзсіз.

Нүсіпбай ӘБДІРАХЫМ,
Қазақстанның Құрметті журналисі.

Бейсенбі - Четверг, 27 қазан

ҚАЗАҚСТАН

06.05, 03.30 «Жәдігер»
06.25, 10.00, 13.00,15.00, 17.00, 20.00, 01.35 Ақпарат
07.00 «Таңшолпан»
10.10, 18.00 Т/х «Жүректегі күз»
12.00, 03.35 «Өмір көркем»
13.10, 21.30 Т/х «Күйеу бала-2»
14.10, 17.15 «Қызық екен...»
15.15 Деректі фильм
15.45 Т/х «Бақытсыздар бағы»
17.15, 03.00 «Ауылдастар»
20.35 «Ашық алаң»
22.30 Телехикая «Бауырлар»
23.20«1001 түн»
00.35«Көңіл толқыны»
00.50 Футбол

ХАБАР

05.00 «Ворошиловский стрелок»
07.00 «Оян!»
10.00«Бізге хабарласқан»
10.30 Мультсериал
11.00, 20.00 Т/х «Келінжан-4»
12.00, 21.00 Т/х «Мелек»
14.00 «АйнаLine»
15.00 Сериал «Нужен мужчина»
17.00 «Бегом за деньгами»
18.00 Новости
19.00Қорытынды жаңалықтар
23.00 Сериал «Ребенок на миллион»

АСТАНА

06.00 Т/х «Фазилет ханым»
07.00 М/ф «Маша и медведь»
09.20, 21.00 Т/х «Дастан»
10.25 «Ене»
11.30, 23.50Т/х «Шырмалған шындық»
13.30 «Айтарым бар»
14.40, 01.50 Сериал «Окно жизни»
17.40 Т/х «Кішкентай келін»
18.40 «Ана»
20.00 «Астана таймс»
21.55Т/х «Жетім жүрек-2»
03.15 Т/х «Мариям»

ЕВРАЗИЯ

06.00«Той базар»
07.00 «П@утина»
08.00 «Қайырлы таң Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро Казахстан!»
10.00 «Жить здорово»
10.50 «На самом деле»
12.00, 02.25 Сериал «А у нас во дворе»
13.05 «Дом с лилиями»
14.10 «Новости»
14.20 «Жаңалықтар»
14.30 QOSLIKE
18.30, 03.45 Басты жаңалықтар
19.00 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Т/с «Место под солнцем»
00.40 Т/с «Триггер»
01.50 «Охота на изюбря»

КТК

07.05, 07.20,19.30, 03.30Кешкі жаңалықтар
07.30 «Жат туыстар»
09.30,21.00 Вечерние новости
09.40, 00.00«Шеф-5»
11.50, 21.40 Сериал «Без тебя»
14.00 «Старший следователь»
16.30«Зәкира»
17.30 Т/х «Жүрегімнің иесі»
18.55 «Қорықшы: қарымта соққы»
20.00, 03.25 Астарлы ақиқат
01.50 Сериал «Королева бандитов»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Әсем әуен»
11.30 «Мамандық маңызы»
12.00 «Бір туған» телехикаясы
12.45 «Әсем әуен»
13.00 «Жаңа Қазақстан»
13.30 «Талқы» /тікелей эфир/
14.30 «Бүгін»
15.00 Жаңалықтар
15.20 «Спорт-тайм»
15.30 Жаңалықтар
15.45 «Әсем әуен»
16.00 Новости
16.20 «Әсем әуен»
16.30 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
17.00 «Шашу»/тікелей эфир/
18.00 «Сегодня»
18.45 «Әсем әуен»
19.00 «Қасиетті Қонаев»
19.30 «Жаңа Қазақстан»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Бір туған» телехикаясы 89-серия
22.45 «Әсем әуен»
23.00 «Талқы»
23.45 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00, 20.00 «Информбюро»
07.00 «Таңсәрі»
09.00, 00.00 Сериал «Анупама»
10.00 Мультсериал
10.30 «Потомки солнце»
12.00 «Макс»
14.30Х/ф «Клик. С Пультом по жизни»
17.00 Х/ф «Экипаж»
20.00 Информбюро
21.00 «16 кварталов»
23.00 Т/х «Зейнеп»
00.40 «31 әзіл»
02.00, 04.30 What's up?
02.30 Сериал «Паутина»
03.20 « Әзіл студио»
03.40 «1001 әзіл»
04.00 «Bala batlle»
05.00 «Ризамын»

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдақ»
06.10, 12.30 Т/х «Пәленшеевтер»
07.10, 01.00 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
09.00, 17.20 Т/с «Женский доктор»
10.00, 19.30 Т/с «Смерть в объективе»
14.00, 23.00 Т/х «Жалдамалы әйелдер»
15.00, 22.00 «Ауыл дәрігері»
16.10, 00.00 «Дылды»
18.30 «Айбат»
19.00 «Студия 7»
03.00 «Жайдарман»
04.00 Т/х «Япырай»

Жұма - Пятница, 28 қазан

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Жәдігер»
06.25, 10.00, 13.00, 15.00, 17.00, 20.00, 01.35 Ақпарат
07.00, 03.05 «Күй керуен»
07.30 Д/ф «Дәуір даналары»
08.20 «Ақсауыт»
08.45 М/ф «Ойыншықтар хикаясы»
10.00, 18.00 «Жүректегі күз»
12.00, 20.50 Т/х «Мағжан. Мен жастарға сенемін»
14.25 «Мұзарт» ансамблінің 20 жылдық концерті
17.25 «Тіршілік»
20.00 «Апта»
22.35 Телехикая «Бауырлар»
23.35 «Көңіл толқыны»
00.35 «Апта»
01.25 «Ақсауыт»
01.45 Д/ф «Әлемді өзгерткен идеялар»
02.30 «Тіршілік»

ХАБАР

05.00 «Қызық таймс»
06.00 Концерт «Туған ел»
08.00 Мегахит «Битва при Лонгтане»
10.00 «Спорт тайм»
10.30 «Помощь в дом»
11.30 «Әке бақыты»
12.30 «Балақай»
13.15 М/ф «Маленький вампир»
14.35 М/с «Нильс»
15.00 Т/х «Келінжан-4»
17.00 «Дүлдүлдер дүбірі»
17.30 «Жұп-жұбымен» шоу
19.00 «Жеті қазына»
21.00 «7 күн»
21.40 «Отдел журналистских расследований»
22.15 «Культурный контекст»
23.15 Мегахит. «Загнанный»

АСТАНА

06.00 Т/х «Фазилет ханым»
07.00 Мультфильм «Маша и медведь»
09.20, 21.00 Т/х «Дастан»
10.25 «Жұлдызбысың»
12.00 «Шаншар»
15.25 Т/х «Напарники»
17.00 «Уақыт келді»
18.10 Т/х «Жұрттың балалары»
19.00 «Бақыт құшағында»
19.40 «Көру керек!»
21.55 «Жетім жүрек-2»
23.50 Х/ф «Осторожно, корова!»
02.30 Х/ф «Көкжалдар»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Той БАЗАР»
07.30 «Той заказ»
08.05 «П@утина»
09.05 «Воскресные беседы»
09.20 «Повара на колесах»
10.35 «Қаймақ»
11.20 «КВН-2022». Высшая лига
14.10 «Пуанты для плюшки» сериал
18.55 «Добрый вечер.Казахстан»
20.00 «Грани» Прямой эфир
21.00 «Сводные судьбы» сериал
01.30 «Что? Где? Когда?»
02.40 «П@утина»
03.35 «Той заказ»

КТК

07.05 «МІР-ЗЕН»
08.10 «Озат отбасы»
09.00 «Юморина»
11.10 Мелодрама «Райский уголок»
15.30 Т/х «Аталар сөзі»
17.10 Мелодрама «Персональный ангел»
21.00 «Портрет недели»
22.00 «Волшебная тюбетейка Тайлака». Комедия
00.00 Мелодрама «Королева бандитов»
02.00 Т/х «Аталар сөзі»
03.15 «Озат отбасы»
04.00-04.30 «КТК қоржынынан»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Әсем әуен»
11.30 «Қасиетті Қонаев»
12.00 «Бір туған» телехикаясы
12.45 «Әсем әуен»
13.00 «Жаңа Қазақстан»
13.30 «Сегодня»
14.30 «Спорт-тайм»
14.15 «Әсем әуен»
15.00 Жаңалықтар
15.20 «Спорт-тайм»
15.30 Жаңалықтар
15.45 «Әсем әуен»
16.00 Новости
16.20 «Әсем әуен»
16.30 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
17.00 «Шашу»/тікелей эфир/
18.00 «Бүгін» (Қонаев)
18.45 «Әсем әуен»
19.00 «AgroLife»
19.30 «Әсем әуен»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Бір туған» телехикаясы 90-серия
22.45 «Әсем әуен»
23.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
23.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)

31 КАНАЛ

06.00 « Әзіл студио»
07.00 «Тамаша лайф»
08.00 «31 әзіл»
08.30 «Күліп ал»
09.00 «Телебинго»
09.25 «Готовим с Адель»
10.00 Фильм«Спарк: Герой Вселенной» (повтор)
12.00 «Келинка тоже человек-2» (повтор)
14.00 «Джон Картер» (повтор)
17.00 Фильм «Тачки» (повтор)
19.30 «Стражи галактики. Часть 2» (повтор)
22.20 «Крид наследие Рокки»
01.10 «31 әзіл»
02.00 Тамаша live
03.00 What's up?
03.30 Әзіл студио
04.00 «1001 әзіл»
04.30 Ризамын
05.00 «31 әзіл»
05.30 What's up?

7 КАНАЛ

06.00, 04.50 «Қуырдақ»
07.20 Сәлем Қазақстан
08.30, 01.10 «Жұлдыздың жары»
09.00 «Измайловский парк»
12.00 Шоу «Битва поколений»
13.50 «Өмір-өзен» ән кеші
16.50 Т/х «Бастық боламын»
18.50 Х/ф «13 район: Ультиматум»
21.00 Т/с «Месть на десерт»
01.50 Жайдарман
02.50 Т/Х «Япырай»
03.50 «Тамаша»

Сенбі - Суббота, 29 қазан

ҚАЗАҚСТАН

06.05, 03.15 «Жәдігер»
06.30 «Күміс көмей»
07.15, 20.00, 01.15 Ақпарат
07.50, 02.30 «Зинhар»
08.35, 15.15 «Көңіл толқыны»
09.20 «Тіршілік»
09.55 «Ырыстың қазығы»
10.00,18.00 Т\Х «Жүректегі күз»
12.00 «Ән мен әнші»
14.00 М/ф «Ойыншықтар хикаясы»
16.00 Д/ф «Қандастар»
16.45 «Нартәуекел»
20.30 «Қазақтың жігіттері» концерт
22.30 Т\Х «Бауырлар»
23.30 К/ф «Әли»
01.45 Д/ф «Әлемді өзгерткен идеялар»

ХАБАР

05.00 «Қызық таймс»
06.00 Концерт «Елге сәлем»
08.00 Мегахит «Солдат Джейн»
10.00 «Спорт әлемі»
10.30 Д/ф «Көмбе»
11.00 Заезжай и живи
12.00 «Дарын»
13.00 М/ф «Кот под прикрытием»
14.30 М/с «Нильс»
15.00 Т/х «Келінжан-4»
16.30 «Алаш ақтандақтары»
17.30 Айтыс «Асыл домбыра»
19.00 Мейрамбек Беспаевпен «Covershow»
21.00 «7 күн»
21.40 «Не хабар»
22.40 Концерт «Сенемін мен»
00.10 Мегахит «Хаос»

АСТАНА

06.00 Т/х «Фазилет ханым»
07.00 Мультфильм «Маша и медведь»
09.20, 21.10 Т/х «Дастан»
10.25 Х/ф «Казахское ханство. Алмазный меч»
14.00 Т/х «Сонар»
15.25 Т/х «Напарники»
17.00 «Жұрттың балалары»
17.30 «Бақыт құшағында»
18.10 «Той жыры: Беркут и Аиша»
18.40 «Жұлдызбысың»
20.00 «Сапар таймс» апталық-сараптамалық
21.55 Т/х «Жетім жүрек-2»
23.30 «Көру керек!»
01.00 Х/ф «Замуж в 30»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Той БАЗАР»
07.40 «П@утина»
08.50 «Проуют»
09.50 Сериал «Поделись счастьем своим»
15.20 Х/ф «Женский детектив»
16.30 «Бестің шайы». Тікелей эфир
18.30 «Айна»
19.00 Х/ф «Х фактор»
20.00 Сериал «Крестный»
00.30 «Зимний круиз»
02.25 Премьера «Поехали»
03.10 «П@утина»

КТК

07.05 Т/х«Үлкен үй-2»
07.40 «Озат отбасы»
08.30 «КТК web»
09.00 «Вечерние новости» (повтор)
09.40 «Юморина», шоу-программа
11.30 «Чистая психология», мелодрама
15.30 Т/х «Аталар сөзі»
17.00 «Зинка-москвичка», сериал
21.00 «Дорога домой» мелодрама
00.50 «Беглянка», мелодрама (повтор)
02.20 «Аталар сөзі»
03.55, 04.20 «Озат отбасы»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық»
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Әсем әуен»
11.30 «AgroLife»
12.00 Д/ф «Джеки Чан»
13.00 Д/ф «Мәдени байлықтар»
13.30 «Әсем әуен»
14.30 «Бүгін»
15.00 «Қазақ үні»
15.30 Д/ф «Голливуд жұлдыздары»
16.00 «Сыр шертер»
16.30 «Әсем әуен»
17.00 «Шашу»/тікелей эфир/
17.50 «Ай мен күн» телехикаясы
18.30 Д/ф «Әйгілі режиссер»
19.00 «Әсем әуен»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Қазақстанда жасалған»/«Сделано в Казахстане»
22.40 Д/ф «Әлем ғажайыптары»
23.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
23.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)

31 КАНАЛ

06.00 «Әзіл студио»
07.00 «Тәтті шоу»
08.00 «31 әзіл»
09.00 «Күліп ал»
09.30 «Готовим с Адель»
10.00 «Алдараспан»
12.10 «Красные туфельки и семь гномов»
14.10 «Побег из аула»
16.20 «Охотники за привидениями»
18.50 «Тачки-2»
21.00 «Мстители»
00.00 «Bizdin show»
02.00 «What's up?»
04.00 «Тамаша лайв»
04.30 Әзіл студио
05.00 «1001 әзіл»
05.30 «Ризамын»

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдақ»
07.00, 01.20 «Жайдарман»
08.30, 00.50 «Жұлдыздың жары»
09.00 «Гадалка»
09.40 «Регина+1»
10.30 «Орел и решка»
11.40 «Измайловский парк»
14.30 «Опмай-опмай» концерт
16.30 Сериал «Месть на десерт»
16.40 Т/с «Кукольный дом»
21.00 Шоу «Битва поколений!»
22.40 Х/ф «Плохая соседка»
03.20 Т/х «Япырай»
04.00 «Тамаша»

Жексенбі - Воскресенье, 30 қазан

ҚАЗАҚСТАН

06.05, 03.25 «Жәдігер»
06.30 Ақпарат
07.00, 02.55 «Күй-керуен»
07.30 Д/ф «Дәуір даналары»
08.20 «Ақсауыт»
08.45, 22.00 «Көңіл толқыны»
10.00, 18.00 «Жүректегі күз»
12.00 М/ф «Ойыншықтар хикаясы»
13.15 «Әзіл әлемі»
15.25 Әбдіжаппар Әлқожаның концерті
17.25 «Әйел әлемі»
20.00 «Апта»
20.50 «Нартәуекел» телевикторина
22.30 Телехикая «Бауырлар»
23.30 «Көңілашар»
00.30 «Апта»
01.20 «Ақсауыт»
01.40 «Әлемді өзгерткен идеялар»
02.25 «Әйел әлемі»

ХАБАР

05.00 Қызық таймс
06.00 Концерт «Айтылмаған әнім бар»
08.00 Мегахит «Хаос»
10.00 «Спорт тайм»
10.30 «Помощь в дом»
11.30 «Әке бақыты»
12.30 «Балақай»
13.15 М/ф «Кунг-фу кролик. Повелитель огня»
14.40 М\с «Нильс»
15.00 Т/х «Келінжан-4»
17.00 «Дүлдүлдер дүбірі»
17.30 «Жеті қазына»
19.30 «Жұп-жұбымен»
21.00 «7 күн»
21.40 «Отдел журналистских расследований»
22.15 Мегахит. «Коломбиана»

АСТАНА

06.00 Т/х «Фазилет ханым»
07.00 Мультфильм «Маша и медведь»
09.20, 21.00 «Дастан»
10.25 «Жұлдызбысың»
12.00 «Я пышка»
14.00 «Шаншар»
17.00 «Уақыт келді»
18.10 «Көру керек!»
18.55 «Загадай желание»
21.55 «Жетім жүрек-2»
23.50 Х/ф «Аташка на хайпе»
01.50 Х/ф «Биші қыз»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Той БАЗАР»
07.40, 02.50 «П@утина»
08.45 «Воскресные беседы»
09.00 «Повара на колесах»
10.00 «Қаймақ»
10.40 «КВН-2022»
13.30 «Х-фактор»
14.40 Сериал «Поговори с ней»
18.55 «Добрый вечер.Казахстан»
20.00 «Грани» Прямой эфир
21.00 Сериал «Крестный»
01.50 «Что? Где? Когда?»
02.50 «П@утина»
03.35 «Ұшқалақ»

КТК

07.05 «Ән мен әнші»
08.10 «Озат отбасы»
09.00 «Юморина»
11.30 Мелодрама «Дорога домой»
15.30 Т/х «Аталар сөзі»
17.00 «Ночь после выпуска»
21.00 «Портрет недели»
22.00 «Арифметика подлости»
00.00 Мелодрама «Беглянка»
03.00 Т/х «Аталар сөзі»
04.00-04.20 «КТК қоржынынан»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Мамандық маңызы»
11.30 «Қасиетті Қонаев»
12.00 М/ф «Блинки Билл»
13.00 «Әсем әуен»
13.30 «Қазақстанда жасалған»/«Сделано в Казахстане»
14.10 «AgroLife»
14.30 «Ән тыңдайық»
15.30 Д/ф «Голливуд жұлдыздары»
16.00 «Мамандық маңызы»
16.35 «Әсем әуен»
17.00 «Қазақ үні»
17.30 Д/ф «Мәдени байлықтар»
17.50 «Ай мен күн телехикаясы
18.30 «Олжа»
19.00 «Сыр шертер»
19.30 «ЭКО-рейд»
20.00 «Әсем әуен»
20.30 Апта /қаз/
21.30 Апта /рус/
22.20 «Арманыма хат» концерті

31 КАНАЛ

06.00 « Әзіл студио»
07.00 «Тамаша лайф»
08.00 «31 әзіл»
08.30 «Күліп ал»
09.00 «Телебинго»
09.25 «Готовим с Адель»
10.00 Х/ф «Побег из аула»
12.10 Кино «Охотники за привидениями»
14.50 «Тачки-2»
17.10 «Мстители»
20.10 Х/ф «Джанго освобожденный»
23.40 Х/ф «Последствия»
01.40 «31 әзіл»
02.00 «Тамаша лайф»
03.00 «What's up?»
03.30 Әзіл студио
04.00 1001 әзіл
04.30 Ризамын
05.00 31 әзіл
05.30 «What's up?»

7 КАНАЛ

06.00, 04.50 «Қуырдақ»
06.50 «Опма-опмай» концерт
08.30, 01.10 «Құтты қонақ»
09.00 «Измайловский парк»
11.50 Шоу «Битва поколений»
13.30 «Күлкіде шекара жоқ»
16.00 Т/х «Бастық боламын»
17.00 «Шаншар»
21.00 Сериал «Семья и немного справедливости»
01.50 Жайдарман
02.50 Т/х «Япырай»
03.50 «Тамаша»

БЖЗК ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ ПЕНСИОННЫЙ ФОНД

Алатау

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

БЖЗК ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ ПЕНСИОННЫЙ ФОНД

Қаржыны сақтандыру аннуитетінен БЖЗҚ-ға қалай қайтаруға болады?

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру нарығын және бағалы қағаздар нарығын реттеу мен дамыту, банк қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес нормативтік құқықтық актілерге, оның ішінде 2022 жылғы 12 қыркүйектен бастап «Қазақстан Республикасында зейнет ақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі-Заң) 60-бабына бір қатар өзгерістер енгізіледі.

Заңның 60-бабының 14-тармағында зейнетақы аннуитеті шартын жасасқан тұлғалар оны жасаған күннен бастап екі жыл өткеннен кейін сақтандыру ұйымына шарттың талаптарын сақтандыру төлемдерінің мөлшерін азайту және БЖЗҚ-ға ақша-ны қайтару бөлігінде өзгерту туралы өтінішпен жүгінуге құқылы екендігі белгіленген. БЖЗҚ-ға қайтарылуға жататын ақша сомасы зейнетақы аннуитеті шартына өзгерістер енгізілген күндегі сатып алу сомасы мен заңның 59-бабының 2-тармағында айқындалған зейнетақы аннуитеті шартына өзгерістер енгізілген күндегі төлем мөлшері негізге алына отырып есептелген сақтандыру сыйлықақысының сомасы арасындағы айырмаға тең.

Басқаша айтқанда, сақтандыру ұйымында зейнетақы аннуитеті шартына өзгерістер енгізілген күні қолданылатын ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70 пайызынан төмен емес айлық сақтандыру төлемінің мөлшерін өмір бойы қамтамасыз ететін сома қалуы тиіс.

Осы тармақтың күші Заң қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған зейнетақы аннуитеті шарттарынан туындаған құқықтық қатынастарға да қолданылатынын атап өтеміз.

БЖЗҚ-ға ақшаны қайтаруды жүзеге асыру үшін салымшы (алушы) 12.09.2022 жылдан бастап салымшымен (алушымен) зейнетақы аннуитеті шартын жасасқан сақтандыру ұйымына шарттың талаптарын сақтандыру төлемдерінің мөлшерін азайту және БЖЗҚ-ға ақшаны қайтару бөлігінде өзгерту туралы өтінішпен жүгінуі қажет.

1 ҚЫРКҮЙЕКТЕГІ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША БЖЗҚ ӨЗ САЛЫМШЫЛАРЫНА ТҰРҒЫН ҮЙ МЕН ЕМДЕЛУГЕ ҮШ ТРИЛЛИОННАН АСТАМ ТЕҢГЕ АУДАРДЫ

2022 жылдың 1 қыркүйегіндегі жағдай бойынша 2021 жылдың қаңтарынан бері БЖЗҚ салымшылардың (алушылардың) тұрғын үй жағдайын жақсарту үшін жинақталған зейнетақы қаражатын пайдалану туралы 1 330 675өтінішін орындады. Уәкілетті оператор-банктерде ашылған қазақстандықтардың арнайы шоттарына БЖЗҚ 3,1 трлн теңгеден астам қаржы аударды. Біржолғы зейнетақы төлемдерінің орташа сомасы – 2,4 млн теңге.

Орындалған өтініштердің ең көбі Алматы қаласының (17,61%) Нұр-Сұлтан қаласының (14,02%), Маңғыстау облысының (10,35%) тұрғындары тарапынан жолданған. www.enpf.kz сайтындағы «Көрсеткіштер» бөлімінде салымшылардың біржолғы зейнетақы төлемдерін қандай мақсаттарға пайдалануды жоспарлайтыны туралы егжей-тегжейлі ақпарат жарияланған. Мұндай ақпарат өңірлер бөлінісінде де берілген («Мақсаттар бойынша тұрғын үй жағдайларын жақсартуға арналған біржолғы зейнетақы төлемдері» және тиісінше «Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға арналған біржолғы зейнетақы төлемдері» шағын бөлімшелері).

Қазіргі уақытта зейнетақы жинақтарының бір бөлігін пайдалануға өтініштерді қабылдайтын уәкілетті операторлар: «Отбасы бан-кі» тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ, «Қазақстан Халық банкі» АҚ, «Altyn Bank» АҚ, «Банк ЦентрКредит» АҚ және «Банк Фридом Финанс Казахстан» АҚ болып табылады. Естеріңізге саламыз, біржолғы зейнетақы төлемі уәкілетті операторда («Отбасы банкі» тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ) ашылған арнайы шотқа түскеннен кейін алушы уәкілетті операторға біржолғы зейнетақы төлемдерінің нысаналы мақсатын растайтын құжаттарды олар келіп түскен күннен бастап 20 жұмыс күні ішінде (Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, тұрғын үй жағдайын жақсарту үшін біржолғы зейнетақы төлемдерін пайдалану қағидаларының 13-тармағы аясында) ұсынады. Бұған тұрғын үй сатып алу немесе жеке тұрғын үй салу мақсатында (жеке тұрғын үй құрылысы деген нысаналы мақсаты бар жер телімін сатып алуды қоса алғанда) одан әрі жинақтау үшін тұрғын үй құрылысына салымды толықтыру жатпайды. Бұл жағдайда алушы Отбасы банкіне біржолғы зейнетақы төлемдерінің нысаналы мақсатын растайтын құжаттарды олар келіп түскен күннен бастап 3 жыл ішінде береді. Басқа уәкілетті операторлар (екінші деңгейдегі банктер) бойынша біржолғы зейнетақы төлеміне арналған өтініштер және алушының мақсаттары бойынша құжаттар банктің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіп пен мерзімге сай қаралады. Бұл ретте, банк біржолғы зейнетақы төлемдерінің сомаларын өтініш берушінің (алушының) арнайы шоттарына есептелген күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде олардың нысаналы мақсаты бойынша біржолғы зейнетақы төлемдерін аударады. Уәкілетті операторға растаушы құжаттар белгіленген мерзімде берілмеген жағдайда, бұл қаражат БЖЗҚ-ға қайтарылады.

Алушы, сонымен қатар көрсетілген мерзімді күтпей-ақ, аударылған соманы уәкілетті операторға тиісті өтініш беру арқылы БЖЗҚ-ға қайтара алады, оны уәкілетті оператор қайтаруға өтініш алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде орындауға міндетті.

Атап кетейік, уәкілетті операторлардан салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарына (ЖЗШ) шамамен 452,5 млрд. теңге қаражат қайтарылды. Себебі, сұраным иесінің өтініші және өзге де себептермен қазақстандықтар біржолғы зейнетақы төлемдерін белгіленген мерзімде тұрғын үй жағдайын жақсартуға пайдаланбаған.

Сонымен қатар БЖЗҚ емделуге берілген 305,2 млрд. теңгеге 391 042 өтінішті орындады. Бұл ретте алуға болатын орташа сома шамамен 0,8 млн теңге. Сонымен қатар, салымшылардың (алушылардың) БЖЗҚ-дағы ЖЗШ-на уәкілетті оператордан («Отбасы банкі» тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ) 31,5 млрд теңге қайтарылды, бұл қаражат өтініш берушінің қалауы немесе өзге де себептер бойынша белгіленген мерзімде пайдаланылмаған.

Зейнетақы жинақтарын емделуге пайдалану жөніндегі өзекті статистикамен www.enpf.kz сайтындағы «Көрсеткіштер» – «Емделуге берілетін біржолғы зейнетақы төлемдері» бөлімінен танысуға болады.

2022 жылдың 1 қыркүйегіндегі жағдай бойынша, инвестициялық портфельді басқарушыларға (ИПБ) 8,7 млрдтеңге аударылып, БЖЗҚ 5 878 өтінішті орындады. Аударымның орташа сомасы 1,5 млн теңге. Зейнетақы жинақтарын сенімгерлік басқаруға беру бойынша егжей-тегжейлі статистика enpf.kz сайтындағы «Көрсеткіштер» «Зейнетақы жинақтарын басқарушы компанияларға беру» бөлімінде жарияланған.

Қазіргі уақытта БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруға қатысты төрт ИПБ-мен шарт жасасты. Осы ИПБ туралы ақпаратпен enpf.kz сайтындағы «Қызметтер» - «Инвестициялық портфелді басқарушылар тізбесі» бөлімінде танысып, инвестициялық декларацияларын зерделеуге болады.

Естеріңізге сала кетсек, БЖЗҚ-дан зейнетақы активтерін алғаннан кейін ИПБ оларды ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылдың 3 ақпанындағы №10 қаулысымен бекітілген Инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру қағидаларында көрсетілген және ИПБ инвестициялық декларациясында көзделген рұқсат етілген қаржы құралдарына инвестициялайды.

Зейнетақымен қамсыздандыру туралы Заңға сәйкес, ИПБ инвестициялық басқаруды жүзеге асырғаны үшін комиссиялық сыйақы алуға құқылы. ИПБ сыйақысының шекті шамасы алынған инвестициялық табыстың 7,5% аспауы тиіс. Комиссиялық сыйақының нақты шамасын жыл сайын ИПБ-ның басқарушы органы бекітеді және ол жылына бір рет қана өзгеруі мүмкін.

Салымшы зейнет жасына толғанға дейін Ұлттық Банктің басқаруында болатын зейнетақы жинақтарына инфляция деңгейі ескеріліп отыратын сақталу кепілдігі қолданылады. Зейнетақы жинақтары ИПБ-ның басқаруына аударылған жағдайда, мемлекеттік кепілдік басқарушы компанияның зейнетақы активтерінің ең төменгі кірістілік деңгейін қамтамасыз ететін кепілдігімен алмастырылады. Кірістіліктің ең төменгі деңгейі нарықта әрекет ететін ИПБ-ның басқаруына берілген зейнетақы активтерінің орташа алынған кірістілігін негізге ала отырып, есептеледі.

ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАР ҮШІН БЖЗҚ-ДАН ЖАҢАЛЫҚТАР

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры халық арасында зейнетақы жүйесіне қатысты барлық мәселелер бойынша салымшыларды хабардар ете отырып, белсенді түсіндіру жұмыстарын жүргізуді жалғастырып келеді.

Сонымен 2022 жылдың 29 қыркүйегінде БЖЗҚ онлайн форматта «ЕАЭО-ға қатысушы елдердің еңбекшілерін зейнетақымен қамсыз-дандыру туралы келісім. Міндетті зейнетақы жарналарын төлеу жөніндегі агенттер – жұмыс берушілер үшін Қордың электрондық сервистерін дамыту» тақырыбында кезекті Ашық есік күнін өткізді.

Мақсатты аудитория: заңды тұлғалардың, оның ішінде шағын және орта бизнестің өкілдері.

Іс-шараның мақсаты:

ҚР зейнетақы жүйесімен таныстыру;

ЕАЭО-ға қатысушы елдерде зейнетақымен қамсыздандыру туралы Қазақстан Республикасы халқының хабардарлығын арттыру және ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

қатысушыларды «Заңды тұлғаның кабинеті» сервисінің қосымша функцияларымен және мүмкіндіктерімен таныстыру.

Іс-шараны өткізу кезінде ұйымдастырушылар ЕАЭО елдерінде қызметін жүзеге асыратын еңбек мигранттарының зейнетақы құқықтары қалай іске асырылатыны жөнінде, еңбекшілердің өздері, сол сияқты олардың жұмыс берушілері нені білу және не істеу керектігі жөнінде толық айтып берді. Сондай-ақ қатысушылар сайтта «Заңды тұлғаның кабинеті» бөлімінде қандай жаңа функциялар пайда болғаны және мұның жеке кәсіпкерлер үшін неліктен маңызды екені туралы хабардар болды.

Бұдан бөлек, өңірлік бөлім-шелердің жауапты қызметкерлері қатысушылардың сұрақтарына жауап беріп, іс-шара қатысушыларына жеке кеңестер берді.

Онлайн-кездесу орта және шағын бизнес бөлігінде жұмыс берушілердің, сондай-ақ салымшылар мен алушылардың үлкен қызығушылығына ие болды.

МАМАН МІНБЕРІ

ТІЛ – ҰЛТТЫҢ НӘР АЛАТЫН ТАМЫРЫ

1997 жылғы 11 шілдеде «Тіл туралы» заң қабылданғаннан кейін Қазақстанның мемлекеттік тілі болып қазақ тілі белгіленгенін баршамыз жақсы білеміз. Аталмыш заң Қазақстан Республикасында тілдердің қолданылуының құқықтық негіздерін мемлекеттің тілді оқып-үйрену мен дамыту үшін жағдай жасау жөніндегі міндеттерін белгілеп берді.

Сөйтіп, еліміздегі ұлттар мен ұлыстардың тілдеріне бірдей құрметпен қарауға кең жол ашты. Заңда атап көрсетілгендей, Қазақстанда мемлекеттік тіл және барлық басқа тілдер мемлекеттің қорғауында болады. Сондықтан да мемлекеттік тілдің басымдығын қамтамасыз етіп, іс қағаздарын жүргізуді қазақ тілінде кезең-кезеңмен көшіруді күн тәртібінен түсірмеуіміз керек.

Судьялар мен сот қызметкерлері сот төрелігін сапалы атқару, әділ шешім шығарумен қатар мемлекеттік тілдің тұғырын биіктетіп, қазақ тілінде сот ісін жүргізу мәселесін жетілдіре түсулері керек деп есептеймін. Мемлекеттік мәртебеге ие болған қазақ тілінің тағдыры, болашағы бәрімізді де ойландыруы тиіс. Жасыратыны жоқ, Азаматтық процестік кодекстің 14-бабына сәйкес азаматтық істер бойынша сот ісін жүргізу қазақ тілінде жүргізіледі, сот ісін жүргізуде қазақ тілімен қатар ресми түрде орыс тілі, ал заңда белгіленген жағдайларда басқа тілдер де қолданылады. Көп жағдайда құжаттар орыс тілінде әзірленіп, қажет деп тапқан кезде ғана қазақ тіліне аударылады.

Сөз реті келгенде айта кету керек, қазіргі уақытта сот жүйесінде мемлекеттік тілді қолдану аясы жыл өткен сайын өсіп келеді. Оған себеп мемлекеттік тілде сот ісін жүргізу мәселесі, сот жүйесіндегі басым құжаттар, іс-қағаздар мемлекеттік тілде орындалады. Сот ісін жүргізу тілінде басымдық мемлекеттік тілге беріліп, талап күшейтілді. Тіл мәселесі біздің бір күндік немесе бір кезеңдік іс-шарамыз емес, тәуелсіздігіміз тұғырлы болу жолындағы негізгі, басты бағыттың бірі. ҚР мемлекеттік тілі барша қазақстандықтарды біріктірудің басты факторы, ортақ мақсатқа жетелеуші - жол көрсеткіші екендігін әрдайым есте ұстап отыруымыз керек. Сот жүйесінде мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту – баршамыз үшін бүгінгі таңдағы ең өзекті, өткір мәселе. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының: «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» деген сөзі дәл бүгінгі заманның тамыр-тынысын дөп басып тұрғандай.

Айнагүл ҚҰТТЫБЕКОВА,
Көксу аудандық сотының бас маманы.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЖАНЫҢДА ЖҮР ЖАҚСЫ АДАМ

ТЕАТР ӨНЕРІНІҢ САҢЛАҒЫ

Сөз зергері Ғабит Мүсірепов «Театр – хас сұлудың көз жасындай мөлдір өнер», деп жанның тыныштық табар ордасына жоғары баға берген. Расында, театр – әдеби шығарманы өзіне ғана тән бояумен жаңа күйге енгізіп көрерменге ерекше көңіл күй сыйлайды. Бұл өнер көрінгеннің ермегі емес, таза еңбек.

Киелі сахнада түрлі образдарда өнер көрсететін актерлердің қызметі оңай емес. Десе де өмірдің боямасыз келбетін әдеби шығармаларға жан бітіре отырып жеткізу үшін бар ғұмырын арнаған жандар жетерлік. Қоғамда аңызға айналған Бикен Римова, Әмина Өмірзақова, Хадиша Бөкеева сынды саңлақтардың өмір мен өнер жолындағы игі істері тарихта мәңгіге қалды. Осы апаларымыздың сара жолын жалғап, қазақ сахнасына өзіндік үлесін қосып жүрген тұлғалардың бірі Бикен Римова атындағы Талдықорған қалалық қазақ драма театрының әртісі, Қазақстан республикасының еңбек сіңірген қайраткері Ғалия Әмірхамзақызы. Биыл сахнаға келгеніне 45 жыл толған театр әртісі кішкентайынан өнерге жақын болған. Өзінің айтуынша бастауыш сыныптардан-ақ шығармашылық жарыстарға белсене қатысып, бос уақытында ауладағы үлкен-кішіні жинап алып түрлі қойылымдар қойғанды ұнатқан. Мектепті бітірген соң Алматыдағы М. Әуезов атындағы мемлекеттік академиялық драма театры жанындағы студияға оқуға түседі. Алғаш үлкен сахнаға 19 жасында келгенін есіне алған Ғалия ханым өткен күнге сағынышпен қарайтынын жасырмады. Театрға алғаш келген кезінде режиссер Мұхтар Қамбаров «Ақын Сара» қойылымында басты рөл Сараны ойнайсың, даусың бар ән айта аласың деп, ақын қыздың бейнесін сомдауға бекітіпті. Бірақ кейіпкеріміз қанша тырысса да домбыра тартып үйрене алмағанын айтады. Сондықтан бұл рөлден бас тартуына тура келген.

«*Өнер жолы оңай емес. Алдымнан түрлі сынақтар кездесті. Оларға беріліп, жаным қалаған істі орта жолдан тастап кетсем бүгінгі күнге жетпес едім*», деген Ғалия Темербаева қиындықтарға тайсалмай қарсы тұра білген. Аса еңбекқор жан актерліктен бөлек театр көрермендерінің санын арттыруға, сахна өнерінің халық арасында кең тарап, терең насихатталуына елеулі үлес қосқан. Қоғамдық жұмыстарға белсене кірісе кететін Ғалия ханым І.Жансүгіров атындағы университет жанындағы «Жас түлек» студент жастар драма театрының көркемдік жетекшісі болып, жастарды сахна өнеріне баурап келеді.

Осы күнге дейін өзіне берілген әр кейіпкерді барынша ашуға тырысып, оны бүкіл жан дүниесімен сомдайтын актриса театр жолындағы жастардан да соны талап етемін дейді. «*Өнер жолын таңдаған адамның бірінші кезекте жауапкершілігі жоғары болуы керек. Жұмысқа уақытымен келіп, сценарийді толықтай жаттауға міндетті. Содан кейін актерлік шеберлігі тұрады. Кейіпкердің жағдайына кіріп, оның басынан өткергендерін сезіне алуы керек. Сонда көрерменге шынайы образды бере алады. Біз спектакльдерге ұзақ дайындаламыз. Әр актер өз рөлін толыққанды алып шыға алатынына сенімді болғанша жанымызды саламыз,* – дейді.

Расында сахна қателіктерді кешірмейді. Кино түсірілімдерінде қате кеткен жерін қайта түсіруге мүмкіндік болса, театрда барлығын бірден дұрыс жасау керектігін сахна шебері Ғалия апай айтуда. Шығармашылық жолда жүрген ағаэпкелеріміздің *«актерлік жолды театрдан бастасаң шығар шыңын биік болады»* деген сөзінің жөні бар екеніне тағы бір көзіміз жетті. Мақалаға арқау болып отырған Ғалия Темербаеваның басшылығындағы Бикен Римова атындағы драма театры биыл 47-ші маусымының шымылдығын ашты. Маусымашарда жазушы Мұхтар Әуезовтің 125 жылдығына орай «Қорғансыздың күні» моно спектакль көрермен назарына ұсынылып, үлкен қошеметке ие болды. Театр ұжымы жаңа маусымда көрерменге береріміз көп дейді. Солардың ішінде баса назар аударатын қойылым Бикен апамыздың 100 жылдық мерейтойына орай, Алматыдан арнайы келген режиссер Мұрат Ахмановтың дайындауымен сахналанатын «Қос мұңлық» пьесасы. Қойылымның тұсаукесері 4-қарашаға жоспарланған. Себебі 47 жыл бұрын дәл осы күні Бикен Римова атындағы драма театры өз жұмысын бастаған екен. Бұдан бөлек Дулат Исабековтың «Бонапарттың үйленуі» атты комедиясы және кішкентай көрермендерге арналған «Ер Төстік» ертегісіне де қызу дайындық жүріп жатыр. Сонымен қатар театрдың атқарушы директоры Ғалия Әмірхамзақызы *«Зелердің «Әке» спектаклын Қырғызстаннан арнайы режиссер шақыртып дайындап жатырмыз. Әзірше тек бір көрсетілімі болады. Бірақ алдағы уақытта өз қоржынымызға қосамыз»*, дейді. Театр әртістері екі жылдан бері Алматы облысы әкімінің қолдауымен «Жетісу театр керуені» атты жоба бойынша республика аймақтарына, көршілес мемлекеттерге гастрольдік сапарға шығуды дәстүрге айналдырған.

«*Биыл сапарымызды Өзбекстанда өтетін фестивальден бастағалы отырмыз. Қойылымның видео нұсқасын жіберіп те қойдық. Көп ұзамай нақты уақытын айтады. Соны күтіп отырмыз*» деген театрдың көркемдік ұйымы жарысқа сақадай-сай отырғандарын айтты. Бұл ауқымды шараға қазіргі кездегі өзекті мәселелердің бірі, әлі күнге дейін қоғамды алаңдатып тұрған зорлық-зомбылық мәселесін қаузайтын «Қорғансыздың күні» пьесасын дайындаған. «*Сахна саласының жаңа буынын даярлауда осындай тәжірибе алмасулар өте қажет дүние. Жас актерлерден жан-жақты маман дайындау үлкен буынға артылған міндет болғандықтан біз бар күшімізді салудамыз*», – дейді қырық жылдық тәжірибесі бар Ғалия ханым.

Сахна мәдениетінін қыр-сыры жайлы ойын бізбен бөліскен актриса Ғалия Әмірхамзақызының ойнаған рольдері әр көрерменді тебірентпей қоймаған. Театр өнерін пір тұтқан өнер иесі шеберлігімді шыңдауды тоқтатпаймын дейді. Өмірлік жолын өнерден тапқан актрисаға толағай табыстар тілейміз!

Айдана СМАҒҰЛ

КӨҢІЛ ПЕРНЕСІ

ЖЫР ДӘПТЕРІНЕН

Қартайдым білем қартайдым

Қартайдым білем қартайдым
Келеді жатқым, жантайғым
Ақсу жаққа қараймын
Келмеске кеткен күндерді
Есіме алып аңсаймын.

Қартайдым білем қартайдым
Күндерім қайда оңтайлым
Қызыққа толы кемел шақ
Тарас өткен жасшағым
Қош демей қалай қайқайдың.

Қартайдым білем қартайдым
Келеді жатқым, жантайғым.
Қатарым сиреп барады
Бәрінен басым сол қайғым.

Ауылыма жетті қария,
Жиғаным шалқар дария
Қатарым сиреп барады
Айналам жартас құз кия.

Ақырын басып аяқты
Абайлап ұстап таяқты
Тізе мен тобық көнбейді
Өзімдікі емес сияқты

Көзілдірік салып көзіме
Беріле қалам сезімге
Айна алдына тап болсам
Жылағым келеді өзіме

Шамшырақтай жайнаған
Өмірге құштар тоймаған
Шырағы күңгірт көзімнің
Тұман болды айналам

Бағалы көңілім алтындай
Қосыла жүзген аққудай
Аппақ боп сен де ағардың
Алтын жарым-ақ маңдай.

Ескерту

(Қуаныш Күнболатқа арнаймын)

Ағаласаң ағаңмын
Жағаласаң жағаңмын
Мұзға шабса тұлпарың
Шар болаттан тағаңмын

Көкелесең көкеңмін
Тау артсаңда көтердім
Арамза болсаң аулақ жүр
Менде саған бөтенмін.

Ұлтты дәстүр сақтайды

Еңіреп туған есіл ер,
Ел үмітін ақтайды
Өлетұғын тай үшін,
Көшетұғын сай үшін
Өзегі түпсіз өлездер
Ел дәстүрін таптайды

Өкпе суға батпайды
Қарасу қыста қатпайды,
Арбасқанмен қаншада
Жыланды жылан шақпайды.

Жапалақ пен көртышқан
Бір ұяда жатпайды.
Жұмыртқаны өзі тапқанымен
Балапанын көкек баспайды
Тегі жыртқыш болғанымен
Ит иесін қаппайды.

Жақсыны жұрты жақтайды
Ардақтайды ақтайды
Қырық жыл қырғын болса да
Ажалсызды Алла сақтайды

Озатын жұрттың жігіті
Бәрін-бірі мақтайды
Тозатын жұрттың жігіті
Біріне-бірі жақпайды

Жақыныңмен сыйлассаң
Тартады сонда жат қайғы
Асылды асылмен қаптайды
Асылды асылға сатпайды
Алтын кездік қашанда
Қап түбінде жатпайды
Жындыға қылмыс тақпайды
Есекке кежім жаппайды
Нәсілі таза текті айғыр
Жатырына шаппайды
Қашыр менен шатасқан
Жылқы тұлпар таппайды
Қаншалықты жүйрік болса да
Өгізге үкі тақпайды
Журегі нұрлы ізгі жар
Байын төредей баптайды
Солардан туған ұл мен қыз
Ар намысын сатпайды

Үйді басқұр сақтаса
Ұятты дәстүр сақтайды.
Дәстүрден ұрпақ адасса
Қайғыда осы нақ қайғы.

Болат ТОПАШЕВ
ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЕНПФ

Как вернуть деньги из страхового аннуитета в ЕНПФ?

Согласно Закону Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам регулирования и развития страхового рынка и рынка ценных бумаг, банковской деятельности» вводится ряд изменений в нормативные правовые акты, в том числе с 12 сентября 2022 года в статью 60 Закона Республики Казахстан «О пенсионном обеспечении в Республике Казахстан» (далее – Закон).

Пунктом 14 статьи 60 Закона установлено, что лица, заключившие договор пенсионного аннуитета, вправе не ранее двух лет с даты его заключения обратиться в страховую организацию с заявлением об изменении условий договора в части уменьшения размера страховых выплат и возврата денег в ЕНПФ. Сумма денег, подлежащая возврату в ЕНПФ, равна разнице между выкупной суммой по договору пенсионного аннуитета на дату внесения в него изменений и суммой страховой премии, рассчитанной исходя из размера выплаты, определенного пунктом 2 статьи 59 Закона, на дату внесения изменений в договор пенсионного аннуитета.

Другими словами, в страховой организации должна остаться сумма, обеспечивающая пожизненно размер месячной страховой выплаты не ниже 70 процентов от величины прожиточного минимума, действующей на дату внесения изменений в договор пенсионного аннуитета.

Подчеркнём, что действие данного пункта распространяется также на правоотношения, возникшие из договоров пенсионного аннуитета, заключенных до введения в действие Закона.

Для осуществления возврата денег в ЕНПФ вкладчику (получателю) с 12.09.2022 года следует обратиться в страховую организацию, с которой вкладчиком (получателем) заключен договор пенсионного аннуитета, с заявлением об изменении условий договора в части уменьшения размера страховых выплат и возврата денег в ЕНПФ.

Новости для юридических лиц от ЕНПФ

Единый накопительный пенсионный фонд продолжает вести активную разъяснительную работу среди населения, информируя вкладчиков по целому комплексу вопросов, связанных с пенсионной системой.

Так, 29 сентября 2022 года ЕНПФ провел очередной «День открытых дверей» в онлайн-формате на тему «Соглашение о пенсионном обеспечении трудящихся в странах-участниках ЕАЭС. Развитие электронных сервисов Фонда для работодателей – агентов по уплате обязательных пенсионных взносов».

Целевая аудитория: представители юридических лиц, в том числе малого и среднего бизнеса.

Цель мероприятия:

- **ознакомление с пенсионной системой РК;**
- **проведение информационно–разъяснительной работы и повышение информированности населения Республики Казахстан о пенсионном обеспечении в странах-участницах Евразийского экономического союза (ЕАЭС) в рамках заключенного Соглашения;**
- **ознакомление участников с дополнительными функциями и возможностями сервиса «Кабинет юридического лица».**

Во время проведения мероприятия организаторы подробно рассказали о том, как реализуются пенсионные права трудовых мигрантов, осуществляющих деятельность в странах ЕАЭС, о том, что нужно знать и делать как самим трудящимся, так и их работодателям. Также участники узнали о том, какие новые функции появились на сайте в разделе «Кабинет юридического лица» и почему это важно для индивидуальных предпринимателей.

Помимо этого, ответственные работники региональных подразделений ответили на вопросы и предоставили индивидуальные консультации участникам мероприятия.

Онлайн-встреча имела большой интерес у работодателей как в части среднего и малого бизнеса, так и у вкладчиков и получателей.

НА 1 СЕНТЯБРЯ ЕНПФ ПЕРЕВЁЛ СВОИМ ВКЛАДЧИКАМ БОЛЕЕ ТРЁХ ТРИЛЛИОНОВ ТЕНГЕ НА ЖИЛЬЕ И ЛЕЧЕНИЕ

По состоянию на 1 сентября 2022 года с января 2021 года ЕНПФ исполнены 1 330 675 заявлений вкладчиков (получателей) на использование пенсионных накоплений для улучшения жилищных условий. На спецсчета казахстанцев, открытые в банках-уполномоченных операторах, ЕНПФ переведено более 3,1 трлн тенге. Средняя сумма единовременных пенсионных выплат составила порядка 2,4 млн тенге.

Больше всего исполненных заявлений направлено жителями г.Алматы (17,61%), г.Нур-Султан (14,02%), Мангистауской области (10,35%). На сайте www.enpf.kz в разделе «Показатели» размещена подробная информация - на какие цели казахстанцы планируют использовать единовременные пенсионные выплаты и в разрезе регионов (подразделы «Единовременные пенсионные выплаты на улучшение жилищных условий по целям» и «Единовременные пенсионные выплаты на улучшение жилищных условий», соответственно).

На сегодняшний день уполномоченными операторами, принимающими заявления на использование части пенсионных накоплений, являются АО «Жилищный строительный сберегательный банк «Отбасы банк», АО «Народный банк Казахстана», АО «Altyn Bank», АО «Банк ЦентрКредит» и АО «Банк Фридом Финанс Казахстан». Подчеркнём, что после поступления единовременной пенсионной выплаты на спецсчет, открытый у уполномоченного оператора (АО «Жилищный строительный сберегательный банк «Отбасы банк»), получатель предоставляет уполномоченному оператору документы, подтверждающие целевое назначение единовременных пенсионных выплат в течение 20 рабочих дней с даты их поступления (согласно пункту 13 Правил использования единовременных пенсионных выплат для улучшения жилищных условий в соответствии с законодательством Республики Казахстан). Исключением является пополнение вклада в жилищные строительные сбережения для дальнейшего накопления с целью приобретения жилища или строительство индивидуального жилого дома (включая приобретение земельного участка с целевым назначением – индивидуальное жилищное строительство. В данном случае получатель предоставляет в Отбасы банк документы, подтверждающие целевое назначение единовременных пенсионных выплат в течение 3 лет с даты их поступления. По другим уполномоченным операторам (банки второго уровня) заявления на единовременную пенсионную выплату и документы получателя по целям, рассматриваются в порядке и сроки, установленным внутренними документами банка. При этом, банк перечисляет единовременные пенсионные выплаты по их целевому назначению в течение 10 рабочих дней с даты зачисления сумм единовременных пенсионных выплат на специальные счета заявителя (получателя). В случае непредоставления уполномоченному оператору подтверждающих документов в установленный срок, эти средства подлежат возврату в ЕНПФ.

Получатель также может вернуть в ЕНПФ переведенную сумму, не дожидаясь указанного срока, подав уполномоченному оператору соответствующее заявление, которое уполномоченный оператор должен исполнить в течение 3 (трех) рабочих дней с даты получения заявления на возврат от получателя.

Отметим, что 452,5 млрд тенге возвращено на индивидуальные пенсионные счета (ИПС) вкладчиков (получателей) от уполномоченных операторов в связи с тем, что единовременные пенсионные выплаты казахстанцами не были использованы в установленные сроки, по заявлению заявителя и иным причинам.

Также ЕНПФ исполнены 391 042 заявления на лечение на общую сумму 305,2 млрд тенге. При этом средняя сумма изъятия составляет порядка 0,8 млн тенге. Вместе с тем, на ИПС вкладчиков (получателей) в ЕНПФ вернулось 31,5 млрд тенге от уполномоченного оператора (АО «Жилищный строительный сберегательный банк «Отбасы банк»), данные средства не были использованы в установленные сроки, по заявлению заявителя и иным причинам.

Ознакомиться с актуальной статистикой по использованию пенсионных накоплений на лечение можно на сайте www.enpf.kz в разделе «Показатели» - «Единовременные пенсионные выплаты на лечение».

Управляющим инвестиционным портфелем (УИП) по состоянию на 1 сентября текущего года переведено 8,7 млрд тенге, ЕНПФ исполнены 5 878 заявлений. Средняя сумма перевода составляет порядка 1,5 млн тенге. Подробная статистика по передаче пенсионных накоплений в доверительное управление также доступна на сайте enpf.kz в разделе «Показатели» - «Передача пенсионных накоплений управляющим компаниям».

На данный момент ЕНПФ заключены договоры о доверительном управлении пенсионными активами с четырьмя УИП. Ознакомиться с информацией о них и изучить их инвестиционные декларации можно на сайте enpf.kz в разделе «Услуги» - «Реестр управляющих инвестиционным портфелем».

Напомним, что после получения пенсионных активов от ЕНПФ УИП инвестирует их в разрешенные финансовые инструменты, указанные в Правилах осуществления деятельности по управлению инвестиционным портфелем, утвержденных постановлением Правления Национального Банка РК от 3 февраля 2014 года №10, и предусмотренные в Инвестиционной декларации УИП.

Согласно Закону о пенсионном обеспечении, УИП имеют право на взимание комиссионного вознаграждения за инвестиционное управление. Предельная величина вознаграждения УИП не может превышать 7,5% от полученного инвестиционного дохода. Фактическая величина комиссионного вознаграждения ежегодно утверждается органом управления УИП и может меняться не чаще одного раза в год.

В период нахождения пенсионных накоплений под управлением Национального Банка до достижения вкладчиком пенсионного возраста действует гарантия сохранности пенсионных накоплений с учетом уровня инфляции. При переводе пенсионных накоплений в управление УИП гарантия государства заменяется гарантией управляющей компании по обеспечению минимального уровня доходности пенсионных активов, который рассчитывается исходя из средневзвешенной доходности пенсионных активов, переданных в управление УИП, действующим на рынке.

МЕДИАЦИЯ

ВНЕСУДЕБНОЕ РАЗРЕШЕНИЯ СПОРОВ

Судебная медиация – примирительная процедура урегулирования спора (конфликта) между сторонами судебного процесса при содействии судьи, осуществляющего примирительные процедуры, в целях достижения ими взаимоприемлемого решения, реализуемая по добровольному согласию сторон. Медиация – форма внесудебного разрешения споров с помощью третьей нейтральной, беспристрастной стороны – медиатора

Во время процедуры медиации стороны, участвующие в конфликте, самостоятельно приходят к взаимовыгодному решению, опираясь на опыт, знания и умения медиатора. При проведении медиации медиатор независим от сторон, государственных органов, иных юридических, должностных и физических лиц. Медиатор самостоятелен в выборе средств и методов медиации, допустимость которых определяется настоящим Законом.

Разрешение споров полностью зависит от воли самих спорящих. Особенностями медиации является то, что процедура гибкая, неофициальная и неформальная. В медиации не выясняется кто прав, а кто виновен. Основная цель медиации – конструктивный поиск решений возникших противоречий. Внедрение медиативных форм разрешения споров окажет позитивное воздействие на судебную систему.

Порядок и процедура проведения медиации, установленные статьями 179-180 ГПК РК, соглашение об урегулировании спора (конфликта) в порядке медиации может быть заявлено сторонами в судах первой, апелляционной и кассационной инстанции. При проведении судебной медиации, передача дела в производство другого судьи не обязательна, по ходатайству сторон процедуру медиации может провести и судья, в производстве которого находится дело, тем самым стороны экономят свое время и время суда. Судья, осуществляющий примирительные процедуры, при проведении судебной медиации руководствуется нормами, установленными Законом «О медиации» и ГПК. Соглашение об урегулировании спора (конфликта), достигнутое сторонами медиации при проведении примирительных процедур, заключается в письменной форме и подписывается сторонами. При достижении сторонами соглашения об урегулировании спора (конфликта) в порядке судебной медиации судья, в производстве которого находится дело, выносит определение, постановление о его утверждении и прекращении производства по делу. При этом, государственная пошлина оплаченная сторонами возвращается им из бюджета. Таким образом, медиация минимизирует нравственные и материальные потери сторон связанные с произошедшим конфликтом (спором).

Данияр МОЛДАХМЕТОВ,
главный специалист-секретарь судебного заседания
Талдыкорганского СМСАП.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ВЕЛОСПОРТ

СИРИЦА МӘРЕГЕ ЕКІНШІ ЖЕТТІ

Малайзияда өтіп жатқан «Лангкави турының» алтыншы кезеңінде Astana Qazaqstan Team командасының шабандозы Глеб Сирица мәре сызығын екінші болып кесті.

Жарыстың алтыншы кезеңі Малайзиядағы Пинанг штатының астанасы – Джорджтаун қаласынан басталып, Алор-Сетарда өз мәресіне жетті. 120,4 шақырымдық жазық аймақта өткен бәсекеде норвегиялық велошабандоз Эрленд Бликра (Uno-X Pro Cycling Team) топ жарды. Ол мәре сызығын 2 сағат 49 минут 49 секунд ішінде кесті. Одан сәл ғана қалып қойған Глеб Сирица екінші сатыға жайғасты. Бұл – «Астана» сапындағы ресейлік легионердің осы жарыстағы үшінші ірі жетістігі. Бұған дейін ол велокөпкүндіктің бірінші кезеңінде жеңімпаз атанса, екінші жарыс күнінде мәреге екінші болып жеткен еді. Алтыншы кезеңде германиялық Рюдигер Зелиг (Lotto Soudal) үшінші сатыға тұрақтады.

Жалпы есепте 24 жастағы колумбиялық Иван Соса (Movistar Team) төрт кезеңнен бері ешкімге жеткізбей келеді. Оның уақыты – 21:06:03. Екінші орындағы британиялық Хью Карти (Ef Education – Easypost) көшбасшыдан 22 секундқа қалып тұр. Үздік үштікке тағы бір колумбиялық велошабандоз

Эйнер Аугусто Рубио Рейес (Movistar) жайғасты.

ФУТБОЛ

«РЕАЛ» «БАРСЕЛОНАНЫ» ЖЕНДІ

Испания чемпионатының 9-турында Мадридтің «Реалы» мен Каталонияның «Барселонасы» кездесті. Осы маусымдағы алғашқы «Эль-Класикода» «Реал» футболшыларының мерейі үстем болды.

Мадридтегі 80 мыңнан аса жанкүйер сыятын «Сантьяго Бернабеу» стадионында өткен кездесуде алаң иелері 3:1 есебімен басым түсті. Бірінші таймда «Реал» сапынан Карим Бензема (12-минут) мен Федерико Вальверде (35-минут) гол соғып, командасын есепте алға шығарса, екінші таймның 83-минутында «Барселона» шабуылшысы Ферран Торрес есеп айырмасын қысқарта алды. Дегенмен 90-минутта төреші «Барселона» қақпасына пенальти белгіледі. 11 метрлік айып добын Родриго сәтті орындап, ойынның нүктесін қойды.
«Реал» бұл жеңісінен кейін 25 ұпаймен Испания чемпионатында жеке-дара көш бастады. Биыл ішкі біріншілікте бірінші рет жеңілістің кермек дәмін татқан «Барселона» 22 ұпаймен 2-орында қалып қойды.

Футзалдан Қазақстан ұлттық құрамасы 2024 жылы өтетін әлем чемпионатының негізгі іріктеу кезеңіндегі екінші ойынында да жеңіске жетті. Бесінші топта өнер көрсетіп жатқан жерлестеріміз сырт алаңда Черногория құрамасын ірі есеппен тізе бүктірді.

ЧЕРНОГОРИЯНЫ ҰТТЫҚ

Іріктеу кезеңнің алғашқы тур ойынын елордада өткізіп, Словения құрамасын сенімді түрде жеңген (2:0) Рикардо Кака жаттықтыратын ұлттық құрама жігіттері Черногорияда аралас құраммен ойнаса да, жанкүйерлерді жерге қаратқан жоқ. Сырт алаңдағы матчқа жарақаттарына байланысты негізгі құрамның бір емес, төрт бірдей ойыншысы қатыса алмады. Атап айтар болсақ, биыл Нидерландта өткен Европа чемпионатының үздік сұр-мергені Біржан Оразов (7 гол), Словениямен болған ойында гол соққан Дуглас және сол матчта паркетке шыққан тәжірибелі футзалшыларымыз Шыңғыс Есенаманов пен 2021 жылғы Қазақстанның үздік ойыншысы Дәурен Тұрсағұлов ұлттық құрамаға көмектесе алмады.

Есесіне, бұл матчта бірқатар қазақстандық жас футболшылар өздерін көрсетуге мүмкіндік алды. Әдетте маңызды ойындарда жастарды алаңға шығара бермейтін Рикардо Кака Подгорицадағы кездесуде қосалқы қақпашы Нұрәлем Байдулладан басқа барлық ойыншыны паркетке шығарды. Онысы түсінікті.Себебі Кака Дуглас, Тайнан секілді жасы келіп қалған құрамадағы ардагер футзалшылардың орнын басады-ау деген ізбасарлардың қарым-қабілетін қазірден-ақ тексеріп жатыр. Өйткені алдағы екі-үш жылда Қазақстан құрамасын буын алмасу процесі жүретіні белгілі. Дугластар қашанға дейін доп тебе береді дейсіз?!

Бәлкім, екі жылдан кейін жалауы желбірейтін әлемдік додада негізгі құрамнан кеше паркетке шыққан Райымбек Жұма, Ақжол Дәрібай, Серік Мәжитов секілді жас өрендерімізді көріп қалармыз. Дегенмен, жас жігіттер Черногорияға қарсы ойында гол соға алмаса да, жаман ойын көрсетті деп айта алмаймыз. Бастысы – қателік жасамай, жаттықтырушының тапсырмасын толық орындап шықты.

Қазақстан мен Черногория футзалшылары бұған дейін бірде-бір рет өзара ойын өткізбеген соң, екі құрама да алғашқы таймда «сырын білмейтін аттың сыртынан жүрме» дегендей, өте сақтықпен ойнады. Кездесудің 11-минутында Лео есеп ашып, Қазақстан құрамасын алға шығарғаннан кейін ғана ойын жандана бастады. Көбіне қарсы шабуылға иек артқан алаң иелері арада алты минут өткенде таразы басын теңестірді. Гол авторы – Филип Маркович. Бірінші кезеңнің аяқталуына бір минут қалғанда Эдсон дәлдік танытып, таблодағы көрсеткішті 1:2-ге жеткізді. Бір қызығы, алғашқы таймдағы үш голдың үшеуі де ойын жағдайында емес, стандарттан соғылды.

Үзіліс уақытында Какадан керекті ақыл-кеңесті тыңдап шыққан жерлестеріміздің екінші таймдағы ойыны түрленіп шыға келді. Бірінші таймда гол соғатын бірнеше мүмкіндігін пайдалана алмаған Альберт Ақбалықов, Тайнан екінші 20 минутта өз еншілеріне бір-бір голдан жазды.

Сондай-ақ Арнольд Кнауб та бір мәрте мергендігімен көзге түсті.

Қорытынды есеп – 1:5.

Қатарынан екі матчта ірі есеппен жеңілген Черногория (олар алғашқы турда Словениядан 3:1 есебімен ұтылған) іріктеу кезеңнің келесі сатысына шығудан түбегейлі үмітін үзді. Себебі Элиталы раундқа тек топ көшбасшысы ғана шығады. Алғашқы екі турда ұпайдан шашау шығармаған Қазақстан құрамасы 6 ұпаймен бірінші орынға мықтап жайғасып алды. Екінші орындағы Словениада әлі үміт бар. Олардың еншісінде үш ұпай бар.

Енді Қазақстан құрамасы келесі тур ойынын 9 қарашада Алматыда дәл осы Черногориямен өткізеді. Егер жерлестеріміз бұл ойында да жеңіске жетіп, соңғы турда Словениямен тең түссе де іріктеудің элиталы кезеңіне жолдама алады. Соңғы тур матчы 2023 жылдың 8 наурызына жоспарланған.

ДЗЮДО

ҮЗДІКТЕРГЕ ҚОСЫЛА АЛМАДЫ

ДЗЮДОДАН ТАШКЕНТТЕ ӨТКЕН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ АЯҚТАЛҒАН БЕТТЕ IJF РЕЙТИНГІ ҚАЙТА ЖАҢАРТЫЛДЫ. БҰЛ ЖАРЫСТА ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕРЛЕР ҚҰРАМА КОМАНДАСЫ МҮШЕЛЕРІ АРАСЫНАН ЕҢ ҮЗДІК НӘТИЖЕ КӨРСЕТКЕН ЕЛДОС СМЕТОВ ЕКЕНІ БЕЛГІЛІ. АСА ЖЕҢІЛ САЛМАҚТА КҮРЕСКЕН ОЛ ҚОЛА МЕДАЛЬДІ МОЙНЫНА ІЛДІ. СОНЫҢ АРҚАСЫНДА ҚАНДАСЫМЫЗ БІРДЕН 22 САТЫҒА ЖОҒАРЫЛАП, ҚАЗІРГІ КЕЗДЕ 16 ОРЫНДЫ ИЕЛЕНУДЕ.

Десек те Елдос өз салмағындағы еліміздің тағы бір танымал дзюдошысы Мағжан Шамшадинге әлі де жете алған жоқ. Мағжан өткен аймен салыс-тырғанда үш сатыға төмендегенімен, бұл күндері ол 12 орынды иеленуде. Бұл – отандастарымыздың арасындағы әзірге ең жақсы көрсеткіш! Осы сал-мақтағы Бауыржан Нарбаев 23 орынды еншілеуде. Десек те 60 кило салмақтағы нағыз тартыс әлі алда. Себебі үш балуанымыз бір-бірінен қатты ұзап кете алған жоқ. Ал Олимпия ойындарына бір салмақта бір ғана дзюдошының өнер көрсететіні белгілі. Сол себепті де алдағы рейтингтік турнирлерде, әлемдік және құрлықтық додаларда Елдостан бөлек, Мағжан мен Бауыржан да барын салатындары анық.

66 кило салмақтағы Ғұсман Қырғызбаев әлем чемпионатының екінші кезеңінде сүрінгенімен, дүниежүзілік рейтингте төрт сатыға жоғарылады. Бүгінгі таңда ол 25 орынды иемденуде. 73 кило салмақтағы жағдай да дәл солай. Ташкенттегі жарыс Данияр Шамшаев үшін сәтсіз аяқталғанымен, жас дарын 39 орыннан 35 орынға көтерілді. Десек те отандық дзюдошыларымыздың арасынан бұл салмақтағы ең тәуір нәтиже Жансай Смағұловқа тиесілі. Сақа спортшы рейтингте 14 орынды иеленуде.

Өкінішке қарай, өзге татами шеберлеріміздің көрсеткішіне көңіл толмайды. Өзге салмақтағы ең мықты балуандардың нәтижесі мынадай: Абылайхан Жұбаназар (81 кило) – 63 орын, Ерсұлтан Мұзапаров (90 кило) – 38 орын, Дидар Хамза (90 кило) – 42 орын, Нұрлыхан Шархан (100 кило) – 46 орын, Ислам Бозбаев (100 кило) – 48 орын, Әділ Оразбаев (+100 кило) – 40 орын және Ғалымжан Қырықбай (+100 кило) – 46 орын.

ТОП-10 дзюдошы жайында айтар болсақ, бұл ретте Грузияның апайтөстері әлі де алдарына жан салар емес. Бір кереметі, аталған елдің өрендері барлық салмақ дәрежелерінде алдыңғы лектен көрінуде. Мәселен, 90 кило салмақтың озық ондығы қатарында үш грузин (Бека Гвиниашвили – 4 орын, Лука Майсурадзе – 5 орын, Лаша Бекаури 7 орын) еніп отыр. 60 кило (Лухуми Чхвимиани – 7 орын, Темур Носадзе – 8 орын), 73 кило (Лаша Шавдатуашвили – 2 орын, Георгий Терашвили – 10 орын), 100 кило (Илья Суламанидзе – 5 орын, Варлам Липартелиани – 10 орын) және +100 кило (Гурам Тушишвили – 2 орын, Гела Заалишвили – 6 орын) салмақтарда аталған мемлекеттің қос саңлағы иық тіресіп келеді. Ал 66 кило (Важа Маргвелашвили – 2 орын) және 81 кило (Тото Григалашвили – 1 орын) салмақ дәрежелерінде Грузияның бір-бірден өкілдері бар. Барлығы – 13 дзюдошы. Расында да, бұл көрсеткіше таңданбау және тамсанбау мүмкін емес.

Көршілерінен Әзербайжанның өр мінезді жігіттері де қалыспауға тырысуда.

Қап тауы бөктерінде орналасқан бұл мемлекеттің жеті татами шебері ТОП-10-дықтың санатында. Үшінші орында – Жапония. Күн шығыс елінің алты өрені дәл сондай құрметке бөленуде. Сондай-ақ озық ондықтың қатарында мына мемлекеттердің де өкілдері бар: Ресей – 5, Бельгия, Моңғолия, Өзбекстан – 4, Оңтүстік Корея, Израиль, Бразилия, Нидерланд – 3, Италия, Куба, Испания – 2, Тайпей, Молдова, Украина, Аустрия, Түркия, Мажарстан, Португалия, Канада және Тәжікстан – 1 балуаннан. Өкіншке қарай, қазіргі кезде сол саңлақтардың санатына Қазақстанның бірде-бір дзюдошысы ене алмай отыр.

Материалдар «egemen.kz» сайтынан алынды

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел. : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

БАЙҚАУ АЯСЫНДА

«МЕЙІРІМНІҢ» МЕРЕЙІН АРТТЫРҒАН СУРЕТШІЛЕР

«ЖАС ДАРЫН» ДАРЫНДЫ БАЛАЛАР ОРТАЛЫҒЫ ЖЫЛ САЙЫН ДӘСТҮРЛІ ТҮРДЕ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ «САМҒА САМҰРЫҚ» БАЛАЛАР БАЙҚАУЫН ҰЙЫМДАСТЫРАДЫ. БИЫЛ «БАЛАЛАР ЖЫЛЫ» АЯСЫНДА ӨТКІЗІЛГЕН ДОДА ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДА ӨТТІ.

300-ге тарта өнерлі өрен «Хореография», «Аспапта өнер көрсету», «Эстрадалық вокал», «Көркемсөз», «Қолөнер», «Бейнелеу» сынды аталымдар бойынша байқауда бақ сынады. Әділқазылар алқасының шешімімен әр жанр бойынша бір емес, бірнеше бас жүлделер табыс етілді.

Жарысты ұйымдастырудағы мақсат – балалардың тұлғалық қасиетін, көпшілікпен еркін жұмыс жасау, өз ойын еркін жеткізу, эстетикалық мәдениетін қалыптастыру.

«Болам деген баланың бетін қақпа, белін бу» дегендей, өңірдегі шәкірттердің ішінен суырылып алға озған, шашасына шаң жұқтырмас жүйріктер іріктелді. Оның әрқайсысы номинация бойынша ерекшеленіп, арнайы жүлделермен марапатталды. Соның ішінде «Бейнелеу» аталымы бойынша «Мейірім» шығармашылық орталығы шәкірттерінің жұмыстары әділқазылардың көңілінен шықты.

Орталықтың атынан қатысқан алты оқушының да салған суреттеріне қарап, қайран қаласың. Бір-біріне мүлдем ұқсамайтын керемет көрініс бейнелеген қылқалам шеберлерінің суреттері талайдың таңдайын қақтырды.

Байқаудан оза шапқандардардың бұл жетістігі тікелей ұстаздың еңбегі екенін айтады «Мейірім» орталығының директоры Гүлмира ҚУАНЫШҚЫЗЫ.

– «Бейнелеу» аталымы бойынша әділқазылар алқасы біздің орталықтың атын ерекше атады. Әрине, оның да өзіндік себебі бар. Ұстазымыз тәжірибелі, өз ісінің нағыз шебері. Елена апай әр сабақты тақырыптақырыпқа бөліп түсіндіреді. Ұлы суретшілердің де суреттерін салғызып, олардың өмірбаянын, сол суреттің шығу тарихын айтып береді. Ол кісінің табанды жұмысының нәтижесінде балалар да осындай жеңіске жетті деп ойлаймын, – дейді Гүлмира ханым.

Расында суретші – әр жерден: аспаннан, жерден, судың сыбдырынан, таулардан, даладан, табиғаттың әртүрлі көріністерінен келетін эмоциялар жинайды. Әркім әртүрлі пайым айтса да қылқалам құпиясын меңгеру – екінің біріне берілген қасиет емес. Сурет салуда ең әуелі еркіндік берілу керек. Сонда ғана бала мүмкіндікті пайдаланып, өзінің ой-қиялындағы нәрсесін суретпен жеткізе біледі.

– Біз байқау туралы 10 күн бұрын білдік. Қатысуға ниет білдіргеннен кейін оқушылармен тақырыптарды талқылай бастадық. Балалардың әрқайсысы өздеріне қызықты сурет таңдап, жұмысқа кірісті. Ал мен мұғалім ретінде процесті бақылап отырдым, балаларға суреттің бүкіл ішкі дүниесін ашуға кеңес бердім. Суретімізді аяқтауға екі күн уақыт кетті.

Байқау күні туындыларымызды көрмеге қойып, комиссияны асыға күттік. Шәкірттеріммен бірге қобалжығанымыз рас, себебі, бұл біздің алғашқы жарыс. Жұмысты бағалаған соң, басқа сайыскерлердің концерті өтетін залға шақырды. Марапаттау рәсімінде қыздарымның аты аталғанда қуанышымда шек болмады. Олардың медаль алып, сахнаға шыққандарына дән риза болдым. Еңбегімізді бағалап, ұстаздарға да қошемет көрсетілді. Менде сертификат пен медаль арқалап қайттым. Шәкірттерім бұл марапаттарға әбден лайық деп санаймын, – дейді бейнелеу өнерінің ұстазы Е.ЖИЕМБАЕВА

Туындылардың қатарында табиғат пен жануарды ұштастырып салынған суреттер де болды. Сондай суреттің авторы – Малика СӘДУ. Осы шығармасымен ол бас жүлдеге ие болды.

Ұстазының айтуынша Малика бұл суретті салу сәтінде өз ойымен, идеясымен оңаша қалған. Суретке жан тәнімен берілгені соншалық қолға алған жұмысын сапалы, әрі сәтті аяқтауға барын салған.

Өнер деген іштегі жасырын эмоциялар, адамның жай-күйі ғой. Өзегіңді өртеген керуен ойларды қалай да сыртқа шығармасаң жаның жай таппайды. Суретшінің қаламгерлерден айырмашылығы салған суретін өзге тілдерге аударып әуреленбейді. Себебі бұл өнердің тілі – тұтас адамзатқа ортақ. Оны әр ұлт өз өресінде, танымында түйсінеді. Сурет өнерінен ұлттың тарихын, қасиет-қалыбын, тіршілік арнасын көруге болады.

Ендеше, жас өрендерді қылқалам әлеміне жетелеп жүрген «Мейірім» шығармашылық орталығының ұстазы мен жеңімпаз атанған сурет өнерінің шеберлеріне бағындырар биіктеріңіз аласармасын дейміз!

Арайлым НҰРЖАПАР

СӨЗ ЖОҚ

Қабанбай батыр көшесі

Шығыс шағын ауданы

Бетті дайындаған А. НҰРЖАПАР

Құрылтайшы "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Баспахана директоры Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:
Сарби ӘЙТЕНОВА – редактордың орынбасары
Арайлым НҰРЖАПАР – тілші
Айдана СМАҒҰЛ – тілші

Кезекші редактор: А. НҰРЖАПАР.

Алатау
Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.
Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады.
Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www.alatau.kz@mail. ru
Сайты: alatau_gazeti

Газет 07.08.2000 жылдан бастап шығады.

Таралымы 2500
Тапсырыс № 1024
Индекс 15534